

Наурыз

Көктеммен бірге
көңілдер жаңарсын!

№11 (201)

21 НАУРЫЗ
СЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaңa Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

НАУРЫЗ – РУХАНИ ЖАҢАРУ МЕН БІРЛІККЕ ШАҚЫРАТЫН МЕРЕКЕ

Құрметті ағайын, қадірлі қауым!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – жылдың басы, күн мен түннің теңелген уақыты, табиғаттың жаңару кезеңі, өмірге жаңа серпін мен үміт сыйлайтын ерекше мереке. Бұл күн – ежелден келе жатқан дәстүріміздің, ата-бабамыздан қалған ұлттық мәдениетіміздің, татулық пен ынтымақтың, қайырымдылық пен мейірімнің символы.

Халқымыз үшін Наурыз – тек күнтізбелік мейрам ғана емес, рухани жаңару мен бірлікке шақыратын мереке. Дәстүрімізге сай, наурыз айының 14-і мен 23-і аралығында Наурызнама онкүндігі аталып өтіп, мерекелік шаралар арқылы халқымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрі дәріптеледі.

Бұл мерекелік онкүндік Амал мерекесінен басталып, қайырымдылық, шаңырақ көтеру, ұлттық киім, жаңару, ұлттық спорт, ынтымақ, жыл басы мен тазару сияқты маңызды дәстүрлі іс-шаралармен жалғасады. Мұның барлығы – халқымыздың бірлігін, отбасылық құндылықтарын, ұлттық өнерін жаңғыртып, заманға сай дәріптеудің айқын көрінісі.

Қадірлі ағайын! Наурыз – тек табиғатты ғана емес, жүрегімізді де жаңартатын мереке. Осы күндері әрбір шаңыраққа шаттық, әрбір үйге береке, әрбір жанға мол ырыс пен саулық тілеймін. Ел аман, жеріміз тыныш, халқымыз бірлік пен татулықта өмір сүрсін. Біз бірлігімізді сақтап, мәдениетімізді дәріптей отырып, еліміздің гүлденуіне үлес қосайық.

Баршаңызға Наурыз құтты, мереке мерейлі болсын!
Бақыт пен береке әрдайым сіздермен бірге болсын!

Азамат ҚАПЫШЕВ,
Қосшы қаласының әкімі



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ІСКЕ АСЫРЫЛА БАСТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру мәселесі жөнінде жұмыс кеңесі өтті.



Кеңеске Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов, премьер-министр Олжас Бектенов, мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев және Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев қатысты.

Осы орайда президент «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойғанын атап өтті. Сондай-ақ ол алда заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін жаңа Конституцияға сәйкестендіру бойынша ауқымды жұмыс тұрғанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев алдымен жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарының қызметін айқындайтын заңдарды түзеу қажеттілігіне назар аударды.

– Жалпы, 6 конституциялық заң және өзге заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде 3 заң қабылдау қажет. Конституция күшіне енетін күнді ескере отырып, тиісті заңдарды Парламент сессиясы аяқталғанға дейін қабылдау керек, – деді президент.

Сонымен қатар мемлекет басшысы заңдарды сапалы әрі уақтылы әзірлеп, қабылдауды тапсырды және Үкімет заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді кешіктірмей түзеуге тиіс.



Жаңа Конституцияның толық мәтінін мына QR-код арқылы көруге болады

ЖАҚСЫЛЫҚТАР ЖИЫНТЫҒЫ ӘЗ-НАУРЫЗ

Ұлы күнде тауып мезгіл бір ретін,
Атқарғандай қасиетті міндетін.
Жаратылыс нұрын бөліп Жаратқан,
Жылына бір теңелген сәт Күн мен Түн.

Жан байытып жұрттың жылы лебізі,
Ізгі жолда сайрап жатты ел ізі.
Орындадық нақыштарын Наурыздың,
Салт-дәстүрге бай ұлтпыз ғой негізі.

Аққа тиіп ағайынның ауызы,
Артты бір күн Наурыз көже маңызы...
Бойындағы нәрін берген аямай,
Табиғаттың адамға жоқ қарызы!

Асыл жандар қысқы сүрден ас қамдар,
Бел алады берекелі бастаулар.
Жақсылықтар жиынтығы әз-Наурыз,
Жамандықты өткен жылға тастандар!

Күн-ернімен аспан жерді сүйеді,
Кемсендейді бұлт-сақалды иегі...
Жанды-жансыз құбылысты қамтыған,
Мерекелік ұғым – түгел киелі!

Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Наурызға қатысты өлеңдерді
9-беттен оқи аласыздар

«БАС НС-групп» ЖШС, БСН 060340020263 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Целинный шағын ауданы, 14 үй, 72 пәтер. тел.: 8 707 704 45 53.

ТОО «БАС НС-групп», БИН 060340020263 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, микрорайон Целинный, д.14, кв.72. тел.: 8 707 704 45 53.

«Sawab KZ» Жеке фонды, БСН 240340033481 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Әбдіров даңғылы, 15 үй, 25 пәтер. тел.: 8 777 574 08 53.

Частный фонд «Sawab KZ», БИН 240340033481 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Караганда, р-н имени Казыбек би, пр. Абдилова, д.15, кв.25. тел.: 8 777 574 08 53.

«Akkaya Home» ЖШС, БСН 220840025772 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мақатаев көшесі, 194 үй, 53 пәтер. тел.: 8 747 213 07 75.

ТОО «Akkaya Home», БИН 220840025772 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Алмалинский район, улица Мақатаева, д.194, кв.53. тел.: 8 747 213 07 75.

«ARCHIVE SERVICE» ЖШС, БСН 201240007375 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әулиеата ауданы, Генерал Рахимов көшесі, 61Б үй, 14 пәтер. тел.: 8 747 544 78 30.

ТОО «ARCHIVE SERVICE», БИН 201240007375 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., г. Тараз, р-н Аулиеата, улица Генерала Рахимова, д.61Б, кв.14. тел.: 8 747 544 78 30.

«ФОКУС 21» ЖШС, БСН 250840029403 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әулиеата ауданы, Абай даңғылы, 202 үй. тел.: 8 747 544 78 30.

ТОО «ФОКУС 21», БИН 250840029403 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., г.Тараз, р-н Аулиеата, проспект Абая, д.202. тел.: 8 747 544 78 30.

«ALISMA-GROUP» ЖШС, БСН 230440021995 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 69 үй. 9 кеңсе/пәтер. тел.: 8 701 888 63 70.

ТОО «ALISMA-GROUP», БИН 230440021995 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Байқоңыр, улица Кенесары, д.69, кв/офис 9. тел.: 8 701 888 63 70.

«DIMAZHUR» ЖШС, БСН 231140020845 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Ғабиден Мұстафин көшесі, 21/5 үй, 6 пәтер. тел.: 8 705 810 99 74.

ТОО «DIMAZHUR», БИН 231140020845 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, улица Габиден Мустафина, д.21/5, кв.6. тел.: 8 705 810 99 74.

«Smart Key Development» ЖШС, БСН 181040032223 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Туран даңғылы, 33 ғимарат. тел.: 8 777 420 49 19.

ТОО «Smart Key Development», БИН 181040032223 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, проспект Туран, зд.33. тел.: 8 777 420 49 19.

«МЕДЕР-АГРО» ЖШС, БСН 160440021197 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Озерный ауылдық округі, Озерное ауылы, Белокамень көшесі, 1 үй. тел.: 8 778 321 53 37.

ТОО «МЕДЕР-АГРО», БИН 160440021197 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Карагандинская обл., Осакаровский район, с/о Озерный, село Озерное, ул. Белокамень, д.1. тел.: 8 778 321 53 37.

ТОО «Delux-Lombard» сообщает о проведении торгов не выкупленного залогового имущества которые состоятся 24 марта 2026 г, 21 апреля 2026 г., 20 мая 2026 г с 10.00 до 15.00 по адресу: г.Астана, пр. Ш. Құдайбердіұлы, 33 нп-7.

«Delux-Lombard» ЖШС хабарлайды: қайтарылмаған кепіл мүлкін сату бойынша сауда өткізіледі. Сауда өткізілетін күндер: 2026 жылғы 24 наурыз, 2026 жылғы 21 сәуір, 2026 жылғы 20 мамыр. Сауда уақыты: сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін. Өтетін мекенжайлар: Астана қаласы, Ш. Құдайбердіұлы 33, тұрғын емес үй-жай №7.

«Playerok (Плеерок)» ЖШС, БСН 231240018920 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй. тел.: 8 701 177 77 38.

ТОО «Playerok (Плеерок)», БИН 231240018920 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, проспект Қабанбай батыр, д.19. тел.: 8 701 177 77 38.

«SKLAD Franchise» ЖШС, БСН 220940019642 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 28 ғимарат, 1 пәтер. тел.: 8 701 643 43 44.

ТОО «SKLAD Franchise», БИН 220940019642 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Казахстан, г. Астана, р-н Есиль, улица Туркистан, здание 28, кв.1. тел.: 8 701 643 43 44.

«Mobiprint» ЖШС, БСН 181040032799 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 34/1 үй, 7 пәтер. тел.: 8 771 995 81 81.

ТОО «Mobiprint», БИН 181040032799 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Казахстан, г. Астана, р-н Есиль, проспект Қабанбай батыр, д.34/1, кв.7. тел.: 8 771 995 81 81.

Қар шығарып, су сору жұмыстары жалғасып жатыр

Қосшы қаласында қысқы кезеңде қар шығару және еріген қар суын сору жұмыстары жүйелі түрде жалғасып жатыр.

2025 жылғы 1 желтоқсан мен 2026 жылғы 18 наурыз аралығында қала аумағынан 146,1 мың текше метр қар шығарылды. Сонымен қатар 2026 жылғы 8-18 наурыз аралығында 5 мыңға жуық текше метр еріген қар суы арнайы техниканың көмегімен сорылып алынды.

Қазір қала бойынша 78 арнайы техника жұмылдырылып, тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған. Бір тәуліктің ішінде 13 485 текше

метр қар шығарылып, жалпы көлемі 159 684 текше метрге жетті. Жұмыстар алдымен орталық көшелерде, әлеуметтік маңызы бар нысандар маңында, сондай-ақ жаяу жүргіншілер жолдары мен қоғамдық орындарда жүргізіліп жатыр.

Коммуналдық қызметтер ауа райы жағдайын тұрақты бақылауда ұстап, қажет болған жағдайда қосымша техника мен жұмыс күшін тартуда. Қала тұрғындарынан көлік құралдарын белгіленбеген

орындарға қалдырмау, тазалау жұмыстарына кедергі келтірмеу жөнінде түсіндіру жұмыстары да жүргізіліп жатыр.



QR-код арқылы қараңыз

Изменение законодательства, в части установления лицензии при проведении государственных закупок

Департаментом внутреннего государственного аудита по Акмолинской области КВГА МФ РК на постоянной основе осуществляется камеральный контроль в рамках наблюдения законодательства в сфере государственных закупок.

В ходе проведения камерального контроля Департаментом выявляются нарушения, которые допускают администраторы бюджетных программ при проведении государственных закупок.

Так согласно Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» к потенциальным поставщикам и (или) привлекаемым субподрядчикам (соисполнителям) предъявляются следующие квалификационные требования:

- обладать правоспособностью (для юридических лиц) и гражданской дееспособностью (для физических лиц);

- являться финансово устойчивыми и не иметь налоговой задолженности, превышающей шестикратный размер месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете;
- не подпадать под процедуру банкротства либо ликвидации;

- обладать материальными, трудовыми и финансовыми ресурсами, достаточными для исполнения обязательств по договору, а также не иметь просроченной задолженности по выплате заработной платы перед работниками;
- иметь опыт работы.

При этом, согласно Правил осуществления госу-

дарственных закупок «В случае, если предметом государственной закупки являются работы или услуги на выполнение (оказание) которых требуется наличие соответствующего разрешения первой или второй категории в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях, квалификационное требование в части обладания материальными и трудовыми ресурсами не предъявляется.

При осуществлении государственных закупок работ в сфере строительства (новое строительство, расширение, техническое перевооружение, модернизация, реконструкция, реставрация и капитальный ремонт существующих объектов), разработке технико-экономического обоснования, проектно-сметной документации и градостроительных проектов, документом, подтверждающим обладание потенциальным поставщиком материальными и трудовыми ресурсами, является соответствующее разрешение (лицензия), выданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях.

Потенциальные поставщики, имеющие соответствующее разрешение (уведомление) на строительство-монтажные работы и участвующие в государственных закупках работ, не связанных со строительством (текущий или средний ремонт, реставрация, реконструкция существующих объектов, благоустройство, обустройство) подтверждают обладание материальными и трудовыми

ресурсами соответствующим разрешением (лицензия), выданным в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях.

При этом, виды и подвиды соответствующего разрешения (лицензии) на строительство-монтажные работы являются схожими (аналогичными) предмету проводимых государственных закупок.

В случае если предметом государственных закупок являются работы, не связанные со строительством (работы, не связанные с текущим или средним ремонтом, реставрацией, реконструкцией существующих объектов, благоустройством, обустройством), потенциальный поставщик подтверждает обладание материальными и трудовыми ресурсами в порядке, определенном настоящими Правилами.

Кроме того, согласно нового закона государственных закупок в случае осуществления государственных закупок, по которым необходимо иметь разрешение с Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях», заказчик, организатор, единый организатор обязаны устанавливать к потенциальным поставщикам и (или) привлекаемым субподрядчикам (соисполнителям) требование о наличии соответствующего разрешения (уведомления).

Однако, как показывает практика проведения государственных закупок порой администраторами бюджетных программ игнорируются вышеуказанные нормы законодательства. Особенно часто

это происходит при проведении процедур методом запроса ценовых предложений. К примеру, заказчиками/организаторами при проведении государственных закупок на услуги санитарные не указывалась лицензия на оказание услуг по дезинфекции, дезинсекции, дератизации в области здравоохранения.

Такие незначительные упущения как не указание лицензии со стороны организаторов приводит к выбору поставщиков, которые не имеют должного разрешения оказывают услуги, выполняют работы на которые требуется наличие определенного разрешения (лицензии).

Департаментом согласно Правил проведения камерального контроля в случае выявления подобных нарушений в адрес организаторов направляются уведомления об устранении нарушений.

Работа по мониторингу законности государственных закупок проводится на постоянной основе. Выявление нарушений на ранней стадии приводит к снижению административной нагрузки объектов аудита и неправомерному заключению договоров.

Республиканское государственное учреждение «департамент внутреннего государственного аудита по акмолинской области Комитета внутреннего государственного аудита министерства финансов Республики Казахстан»

Қосшыда тасқынға қарсы дайындық күшейтілді

Қосшы қаласында көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық мәселелері талқыланып, жауапты құрылымдардың жұмысы пысықталды. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов бастаған жедел штаб мүшелері қаладағы бірқатар проблемалық учаскені аралап, қалыптасқан ахуалмен танысты.



Қала әкімі Азамат Қапышев Қосшыдағы қазіргі жағдай туралы баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, қала аумағында қардың еруіне байланысты жиналған суды дер кезінде бұру және шығару үшін кешенді шаралар қолға алынған. Атап айтқанда, Республика, Абай, Абылай хан және Ғабдуллин көшелерінде еріген судың жиналу қаупін азайту мақсатында 20-дан аса сорғы құрылғысы үздіксіз жұмыс істеп тұр.

Сонымен қатар уақытша шаралармен қатар, мәселені түбегейлі шешу жолдары да қарастырылды. Алдағы кезеңде қалада жаңбыр және еріген қар суларын тиімді бұру үшін арнайы су ағызу арналарының құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде көктем мезгіліндегі су басу қаупін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

Алайда өңір басшысы Марат Ахметжанов тек Қосшы қаласының ғана емес, маңайдағы елді

мекендердің де дайындық деңгейіне сын айтты. Оның пікірінше, кейбір аудандарда қар шығару және аумақтарды тазалау жұмыстары әлі де баяу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, Дамса, Жібек Жолы және Талапкер ауылдарында қарды уақтылы шығару жұмыстарының кешеуілдеп отырғаны атап өтілді.

Облыс басшысы аудан әкімдеріне су тасқынының алдын алу жұмыстарын күшейтуді тапсырды. – Штабтардың жұмысын жандандырып, қосымша арнайы техникаларды тарту қажет. Қар шығару жұмыстарын барынша үдетіп, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың су астында қалуына жол бермеу керек, – деді ол.

Сондай-ақ Шортанды, Целиноград және Аршалы ауданының әкімдеріне жағдайды тәулік бойы бақылауда ұстап, жедел әрекет ету тапсырылды. Бұл өңірлердің географиялық орналасуына байланысты су тасқыны қаупінің жоғары аймақтар қатарына жататыны ескерілді.

Тұрғындардың талап-арызы қаралды

Қосшы қаласында тұрғындармен кері байланысты нығайту және өзекті мәселелерді жедел шешу бағытында жүйелі жұмыстар жалғасып жатыр. Соның бір айғағы – қала әкімдігі тарапынан тұрақты түрде ұйымдастырылатын азаматтарды жеке қабылдау.



Қосшы қаласының әкімі Азамат Есімұлы және оның орынбасарлары аптаның әр сейсенбісінде таңғы сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін қала тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Бұл қабылдаулар «Ашық әкімдік» қағидаты аясында өткізіліп, халық пен билік арасындағы ашық диалогты дамытуға бағытталған.

Қабылдауға тек әкімдік өкілдері ғана емес, сонымен қатар тиісті бөлімдердің басшылары, қалалық мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері де қатысады. Мұндай кешенді формат тұрғындардың көтерген мәселелерін сол жерде жан-жақты қарастырып, нақты әрі жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Кезекті қабылдауды қала әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлы өткізді. Онда тұрғындар тарапынан түрлі бағыттағы мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі мен автомо-

биль жолдары, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй инспекциясы, сондай-ақ табиғи газға қосылу жұмыстары бойынша сұрақтар кеңінен талқыланды.

Әрбір өтініш пен ұсыныс мұқият тыңдалып, жауапты сала мамандары тарапынан нақты түсіндірмелер берілді. Кейбір мәселе бойынша жауапты өкілдерге тиісті тапсырмалар жүктеліп, олардың орындалуы бақылауға алынды. Бұл өз кезегінде тұрғындардың сенімін арттырып, жергілікті атқарушы органдардың тиімділігін көрсетеді.

Айта кетсек, азаматтарды жеке қабылдауға алдын ала жазылу міндетті. Ол үшін 8 (7172) 607 770 байланыс телефоны арқылы тіркелуге болады. Бұл жүйе қабылдауды тиімді ұйымдастырып, әрбір тұрғынға жеткілікті уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Қосшы қаласы әкімдігінде кезекті аппараттық отырыс өтіп, шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселе жан-жақты қаралды. Жиында қала өміріне тікелей әсер ететін негізгі салалардағы өзекті бағыттар талқыланып, нақты міндеттер айқындалды.

Өзекті мәселелер талқыланды

Отырыста алдымен мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын арттыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Бұл бағытта халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру, өтініштерді қарау мерзімдерін қысқарту және қызмет көрсету кезінде ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету қажеттігі айтылды. Тиісті сала басшыларына азаматтардың сұранысына жедел әрекет ету, цифрлық мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану және кері байланысты күшейту тапсырылды.

Сонымен қатар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы инфрақұрылымды дамыту мәселесі де қозғалды. Қаладағы инженерлік желілердің жай-күйі, коммуналдық қызметтердің сапасы, тұрғын үй қорын күтіп ұстау бағытындағы жұмыстар сараланып, бұл саладағы жүйелі жұмысты жалғастыру қажеттігі атап өтілді. Әсіресе,

халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін коммуналдық қызметтердің тұрақты әрі сапалы көрсетілуі басты назарда екені айтылды.

Жиында көше жолы желісін күтіп ұстау мәселесі де күн тәртібінен тыс қалған жоқ. Қаланың көлік инфрақұрылымын жақсарту, жолдардың сапасын сақтау, көше тазалығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар сараланып, алдағы кезеңге нақты жоспарлар белгіленді. Бұл ретте тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қозғалысын қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі ретінде айқындалды.

Жиын қорытындысы бойынша, Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев жауапты бөлімдер мен мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеді. Сонымен қатар қабылданған қаулылар мен берілген тапсырмалардың орындалуын қатаң бақылау тиісті тұлғаларға міндеттелді.



Қосшы қаласында мемлекеттік қызметшілер арасында кәсіби әдепті нығайту, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Осы мақсатта қала әкімдігінде мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен арнайы түсіндіру кеңесі ұйымдастырылды.

Әдеп пен адалдық – басты қағида

Жиынды Қосшы қаласының әдеп жөніндегі уәкілі Нұрсұлтан Мұхаметқалиев жүргізді. Кеңестің басты мақсаты мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын кеңінен насихаттау, заң талаптарын сақтау деңгейін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарын түсіндіру болды.

Кездесуде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын қатаң сақтау мәселесіне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар мемлекеттік қызметте ашықтық пен адалдық қағидаларын орнықтыру, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен жауапкершілікті арттыру қажеттігі кеңінен талқыланды. Қатысушыларға қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау, қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалануға жол бермеу және жеке мүдде мен қоғамдық мүдде арасындағы теңгерімді дұрыс сақтау жөнінде нақты түсіндірмелер берілді.

Кеңес аясында сыбайлас жемқорлықтың алдын

алу мәселелері де жан-жақты қарастырылды. Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілерге жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, күмәнді жағдайларда дұрыс шешім қабылдау және заң бұзушылықтардың салдары туралы кеңінен ақпарат берді. Бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстардың маңыздылығы атап өтіліп, әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігіне ерекше көңіл бөлінді.

Сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі де күн тәртібінен тыс қалмады. Азаматтарға көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету, өтініштерді уақтылы әрі сапалы қарау, бюрократиялық кедергілерді азайту бойынша нақты ұсыныстар айтылды.

Жиын қорытындысында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру, әдеп стандарттарын сақтау және заң талаптарын мұлтіксіз орындаудың тиімді мемлекеттік басқарудың басты тетігі екені атап өтілді.



ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ЖАРАСЫМ

Қосшы қалалық Тілдерді оқыту орталығының ұжымы өнегелі өмір жолымен көпке үлгі болып отырған, 50 жыл отасқан ардақты қариялар – Жабай Мұсабаев пен Мүгүлсім Манзулованың шаңырағына арнайы барып, ақ батасын алды.

Жарты ғасыр бойы бір шаңырақ астында сыйластық пен түсіністікті ту етіп, өмірдің талай белесін бірге өңсерген бұл отбасының ғұмыры – шынайы өнеге мектебі. Екеуінің де саналы ғұмыры елге қызмет етуге, ұрпақ тәрбиесі мен білім беру саласына арналды. Мектеп қабырғасында басталған мөлдір махаббаттың шуағы уақыт сынынан сүрінбей өтіп, бүгінгі берекелі де бақытты отбасының іргетасына айналды.

Жабай ата – 40 жылдан аса уақыт еңбек етіп, оның 28 жылын мемлекеттік қызметке арнаған тәжірибелі маман. Қарағанды қаласындағы жоғары оқу орнын тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдап, ұстаздық жолын бастаған. Кейін білім саласында басшылық қызмет атқарып, мектеп директоры болған. Одан әрі Сәтпаев, Жаңатілек аймақтарында әкімдік қызметтерді абыроймен атқарып, Баянауыл ауданында әкімнің орынбасары ретінде ел игілігі жолында еңбек еткен. Ал Мүгүлсім әже – ұзақ жылдар бойы математика пәнінің мұғалімі болып, сан мыңдаған шәкірттің сапалы білім алуына үлес қосқан ұлағатты ұстаз.

Бүгінде олар – 5 перзент тәрбиелеп өсіріп, олардан тараған немере-шөберелерінің қызығына бөленіп отырған бақытты ата-әже. Ұрпағына тек тәрбие ғана емес, өмірлік бағыт-бағдар, адамгершілік құндылықтарды сіңіре білген абзал жандар.



Отбасының берекесі мен бірлігін айшықтайтын жетістіктері де аз емес. Олар «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысып, жеңімпаз атанған. Сонымен қатар Жабай ата ел алдындағы еңбегі үшін «Қазақстан тәуелсіздігіне – 20 жыл» және «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Кездесуде орталық ұжымы қариялардың ақ батасын алып, олардың өмірлік тәжірибесі мен тағылымды әңгімелерін тыңдады. Жас ұрпаққа арналған жүрекжарды тілектер мен ақыл-кеңестер – шараның мазмұнын байытып, ерекше әсер қалдырды.

Тәрбиеші ұстаздарға алғыс

Қазақ Ұлттық өнер университетінің интернатында қызмет атқарып жүрген ұстаздар мен тәрбиешілердің еңбегі ерекше құрметке лайық. Олар оқушылардың тәрбиелі, мәдениетті, жауапкершілігі жоғары тұлға болып қалыптасуына зор үлес қосып келеді.



Интернат меңгерушісі Балжан Әлиханқызы өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, әр шәкірттің жайлы өмір сүруіне, қауіпсіздігі мен тәртібіне әрдайым көңіл бөліп келеді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен қамқорлығы интернатта жылы әрі тәртіпті ортаның қалыптасуына ықпал етуде.

Сондай-ақ тәрбиешілер Гәкку Бектемісқызы, Жамал Оразалықызы, Гүлмира Мағжанқызы, Аюжан Абайқызы және Гүлсайра Әсенқызы оқушылардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, әрдайым ақыл-кеңестерін беріп, олардың жан-жақты дамуына көмектесіп келеді. Олар шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, қиын сәттерде қолдау көрсетіп, әрқайсысына анадай қамқорлық танытады.

Осындай ұстаздардың арқасында болашақ өнер жұлдыздары өздерін сенімді сезініп, білім мен өнер жолында биік жетістіктерге жетуде. Олардың еңбегі – болашақ өнерпаздардың қалыптасуына қосылған баға жетпес үлес.

Осы орайда академия басшысы Айсылу Таниға, интернат меңгерушісі Балжан Әлиханқызына және барлық тәрбиешіге шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Сіздердің еңбектеріңіз әрқашан бағаланып, шәкірттеріңіздің жетістігі арқылы ақтала берсін.

Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

КАЗ НУИ академиясы
оқушыларының ата-аналары



Қосшы қаласындағы Отбасын қолдау орталығы тағдырлар тоғысқан, қиындыққа тап болған жандарға үміт сыйлайтын шынайы тірек алаңына айналып отыр. Мұнда келген әрбір азаматтың мәселесі құрғақ статистика емес, нақты көмек пен адам тағдырына ықпал ететін шешімдермен өлшенеді. 2025 жылдың қорытындысы да осының айқын дәлелі.

Әр санның артында бір тағдыр тұр

Бір жыл ішінде орталық табалдырығын 294 адам аттаған. Бұл – күн сайын дерлік кемінде бір тұрғын өз мәселесімен жүгінуді деген сөз. Олардың 223-і әйелдер. Бүгінде орталық мамандарының тұрақты бақылауында 57 отбасы бар, оның ішінде 5-еуі – шұғыл әрі кешенді көмекті қажет ететін аса күрделі жағдайдағы отбасылар.

Жыл көлемінде көрсетілген 494 қызметтің әрқайсысы нақты нәтижеге бағытталған жүйелі еңбектің жемісі. Атап айтқанда, 76 адам құқықтық көмек алып, өз мәселесінің шешімін тапса, 65 тұрғын түрлі әлеуметтік және тұрмыстық сұрақтар бойынша бағыт-бағдар алған. Психологиялық қолдау да басты назарда: 55 адам толыққанды психологиялық көмекке жүгініп, ішкі күйзелісін жеңуге мүмкіндік алса, тағы 40 адам кеңес форматында қолдау алған.

Әлеуметтік бейімдеу бағытында да нақты нәтижелер бар. 23 азамат тұрақты жұмысқа орналасып, табыс табуға мүмкіндік алса, 22 адамға түрлі әлеуметтік көмек көрсетілген. Сонымен қатар материалдық қолдау аясында 100 отбасыға азық-түлік жиынтығы таратылып, 25 адам ең қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз етілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және зардап шеккендерге қолдау көрсету – орталық жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Есепті кезеңде осы мәселемен 10 әйел жүгінген. Оның ішінде өміріне нақты қауіп төнген 3 аза-

матша дағдарыс орталығына орналастырылып, қауіпсіз ортаға көшірілді. Сондай-ақ бір адам «Аналар үйі» жобасы аясында уақытша баспана тапты.

Орталық халықтың әлеуметтік сұраныстарына да жедел үн қатады. Бір жыл ішінде 37 адам тұрғын үй кезегі мәселесі бойынша, 12 адам алимент өндіру, 7 адам балабақша кезегіне тіркелу, 3 адам жер учаскесіне қатысты кеңес алып, тиісті көмектерге қол жеткізді.

Мамандар тек кеңсе қабырғасымен шектелмей, тұрғындармен тікелей байланыс орнатуға басымдық береді. Осы мақсатта 27 рет мобильді топтардың шығуы ұйымдастырылып, халыққа жергілікті жерде көмек көрсетілді. Сонымен қатар алдын алу жұмыстарын күшейту және кәсіби деңгейін арттыру үшін 12 ауқымды тренинг пен 3 «Ашық есік күні» өткізілді.

Қосшы қаласындағы Отбасын қолдау орталығының 2025 жылғы жұмысы – жай ғана көрсеткіштер жиынтығы емес. Бұл – шешімін тапқан мәселелер, сейілген алаңдаушылық, ең бастысы, адамдардың ертеңгі күнге деген сенімінің нығаюы. Әрбір деректің артында «көмектестік, қолдадық, қорғандық» деген нақты іс пен азамат тағдырына деген жанашырлық жатыр.

Отбасын қолдау орталығының
баспасөз қызметі



Жалғызбасты қарттардың қары күрелді

Қосшы қаласының әкімдігі мен төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері бірлесіп, әлеуметтік осал топтарға жататын жалғызбасты қарттардың тұрмыстық жағдайына ерекше назар аударып отыр. Осы ретте олардың аулаларын қардан тазарту жұмыстары жүйелі түрде қолға алынған.



Көктемгі қар еру кезеңінде су басу қаупінің жоғары болатыны белгілі. Әсіресе, аулаларда жиналып қалған қалың қар еріген кезде су еркін ағып кетпей, тұрғын үйлер мен шаруашылық нысандарына зиян келтіруі мүмкін. Осы қауіптің алдын алу мақсатында мамандар қарды арнайы техникамен шығарып, еріген судың кедергісіз ағуына жағдай жасап жатыр. Бұл шаралар тек қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға да ықпал етеді.

Қала аумағында атқарылып жатқан жұмыстарға төтенше жағдайлар қызметінің мамандары,

коммуналдық қызмет өкілдері және еріктілер белсенді түрде қатысуда. Олар әр аулаға жеке барып, жағдайды бағалап, қажет болған жағдайда қосымша көмек көрсетеді. Әсіресе, жалғыз тұратын қарт азаматтарға көрсетіліп жатқан бұл қолдау олардың әлеуметтік қорғалуын күшейтіп, қоғам тарапынан қамқорлықтың бар екенін аңғартады.

Мұндай алдын алу шаралары көктемгі кезеңде туындауы мүмкін төтенше жағдайлардың санын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тұрғындарға да өз аулаларын уақтылы қардан тазалап, су жүретін арықтарды ашық ұстау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.



Қосшылық жастар республикалық «Таза Қазақстан» акциясын қолдап, қала тазалығын сақтау ісіне өз үлестерін қосып жүр. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бұл бастама аясында жастар сенбіліктерге қатысып, қоғамдық орындардың тазалығын қамтамасыз етуге атсалысады. Қала көшелерін, скверлер мен демалыс аймақтарын жинау, қоқыстарды сұрыптау және қайта өңдеуге дайындау – жас буынның күнделікті жауапкершілік сезімін арттыратын маңызды іс-шараларының бірі.

Таза қала қалыптастырудың ортақ жауапкершілік екенін түсінген жастар табиғатты аялауға ерекше мән беріп, қоғамға үлгі көрсетуде. Олар экологиялық білімдерін арттырумен қатар, қала тұрғындарын да табиғатты қорғауға шақырып, әлеуметтік желілерде экологиялық насихат жүргізіп отыр.

Сонымен қатар жаз маусымында Қосшы қаласында «Жасыл ел» еңбек жасағы жобасы жүзеге асырылады. Бұл жоба жастарға тек табиғатты қорғау мен абаттандыру бойынша тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, туған жердің көркеюіне нақты үлес қосуға жол ашады. Жас қатысушылар қала аумағын көгалдандыру, гүлзарлар отырғызу, саябақтар мен қоғамдық орындарды жөндеу жұмыстарында белсенділік танытады.

Осындай бастамалар арқылы Қосшы жастары экологиялық мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, қоғамдағы экологиялық жауапкершіліктің маңыздылығын арттыруға үлес қосып отыр. Олар үшін таза қала – тек әдемі көрініс емес, болашақ ұрпаққа жеткізілетін табиғи байлық.

КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Биылғы көктемде еліміздің бірқатар өңірінде су тасқыны қаупі өзекті болып тұр. Ақмола облысында су тасқыны кезеңіне дайындық мақсатында кешенді жоспар әзірленіп, 226 инженерлік-техникалық іс-шара қарастырылған. Аталған жұмыстар елді мекендер мен автожол учаскелерін қорғауға, су өткізетін құрылымдардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, облыс бойынша 160-тан аса іс-шара толық аяқталған. Шамамен 40 іс белсенді жүзеге асырылып жатыр, ал 22-сі – дайындық кезеңінде. Негізгі жұмыстарға су тасқынынан қорғайтын үйінділерді тұрғызу және нығайту, арналар мен арықтарды тазалау, кеңейту, тереңдету, сондай-ақ көпірлер мен су өткізетін құрылымдарды жөндеу немесе жаңарту кіреді.

Қосшы қаласында да дайындық жұмыстары белсенді жүргізілуде. Төтенше жағдайлар бөлімі қала тұрғындары үшін арнайы нұсқаулық әзірлеп, апат кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нақты кеңестер береді. Бұл нұсқаулықта көктемгі су тасқыны кезінде тұрғындардың не істеуі керектігі, қандай сақтық шараларын қолдануға тиіс екені егжей-тегжейлі



көрсетілген.

Негізгі ұсыныстар:

Азық-түлік пен қажетті заттарды алдын ала жинау. Су тасқыны кезінде электр қуаты өшіп, дүкендерге жету қиын болуы мүмкін. Портативті газ плиткасы немесе шұғыл дайындалатын тағамдар болса, тамақты жылдам дайындауға мүмкіндік береді.

Қауіп-қатерді бағалау және сақтық шараларын қолдану. Алдымен адамдар мен үй жануарларын қорғау маңызды. Қарттарға, мүгедектерге ерекше көңіл бөліңіз. Жануарларға қауіпсіз орын, тамақ және су дайындаңыз.

Эвакуация жоспарын нақтылау.

Жергілікті билік органдарынан эвакуация жолдары мен босқындарды қабылдау пункттерін анықтап, отбасылық міндеттерді бөлісіңіз: балаларды кім алып кетеді, үй жануарларын кім қарайды, кездесу орны қай жерде болады. Барлық ықтимал апаттарға дайын болыңыз.

Кешіктірмей әрекет ету. Егер үйіңіз немесе мүлкіңіз су тасқынының әсеріне ұшыраса, мамандарға жүгініңіз. Суды сорып алу, қабырғаларды тазалау, қалыптарды жою, желдету жүйесін реттеу, кілем мен қаптарды ауыстыру – бұл жұмыстар лицензияланған қызметтер арқылы жүргізілуі тиіс.

Су тасқыны – табиғи үдеріс. Оны тоқтату мүмкін емес, бірақ дайындық арқылы зиянды айтарлықтай азайтуға болады. Әрқайсымыз өзіміздің және жақындарымыздың қауіпсіздігімізге жауаптымыз. Аздап дайындық жасап, бір-бірімізге қолдау көрсету – қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды қадамы.

Қосшы қаласының төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындардан сақтық шараларын мұқият орындауды және қауіпсіздікті бірінші орынға қоюды сұрайды.

Қосшы қаласының ТЖБ

Наурызда көшеден тамақтану қаншалықты қауіпті?

Наурыз – көктемнің келуін, табиғаттың жаңаруын білдіретін, халқымыздың ең қадірлі әрі ерекше мейрамдарының бірі. Бұл күндері әр шаңырақта дастархан жайылып, ұлттық тағамдар әзірленіп, қонақжайлылықтың үлгісі көрсетіледі. Алайда мол дастархан мен түрлі тағамдардың көптігі кейде қауіпсіздік талаптарының ескерілмеуіне әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан мереке кезінде тағам қауіпсіздігін сақтау – әрбір азаматтың басты міндеттерінің бірі.

Наурыз мейрамы кезінде халықтың көшеде серуендеуі, жаппай іс-шараларға қатысуы және дайын тағамдарды сырттан сатып алуы жиілейді. Әсіресе көше бойындағы сауда нүктелері мен уақытша ұйымдастырылған тамақтану орындарының саны артады. Бұл жағдай, бір жағынан, халыққа ыңғайлы болса, екінші жағынан, санитарлық талаптардың сақталмау қаупін күшейтеді.

Көп жағдайда мұндай орындарда тағамдардың қалай дайындалғаны, қандай жағдайда сақталғаны немесе

өнімнің жарамдылық мерзімі нақты бақылауда болмайды. Соның салдарынан тағамнан улану жағдайлары тіркелуі мүмкін.

Тағамнан улану – адам ағзасына сапасыз немесе бұзылған тағам түскен кезде пайда болатын жағдай. Оның негізгі себептеріне мыналар жатады:

- өнімнің дұрыс сақталмауы;
- жарамдылық мерзімінің өтіп кетуі;
- тағамды дайындау кезінде гигиеналық талаптардың сақталмауы;
- дайын тағамды ұзақ уақыт бөлме

температурасында қалдыру;

- шикі және дайын өнімдерді бірге сақтау;
- күмәнді сауда орындарынан тағам сатып алу.

Мамандар тағамнан уланудың алдын алу үшін бірнеше қарапайым, бірақ өте маңызды ережелерді сақтауға кеңес береді.

1. Тексерілген орындардан сатып алу. Дайын тағамдарды тек санитарлық талаптарға сай келетін, тексерілген сауда орындарынан ғана сатып алу қажет. Рұқсат етілмеген немесе кездейсоқ сауда нүктелерінен алынған өнімдерге қауіпті болуы мүмкін.

2. Сақтау шарттарына назар аудару. Тағам өнімдері тиісті температурада сақталуға тиіс. Мысалы, ет және сүт өнімдері міндетті түрде тоңазытқышта сақталуы керек. Егер өнім ашық жерде,

күннің астында немесе шаң-тозаңның әсерінде тұрса, ондай тағамды сатып алмаған жөн.

3. Өнімнің сыртқы түрі мен иісін тексеру.

Тағамның түсі, иісі және жалпы сыртқы келбеті оның сапасы туралы көп ақпарат береді. Егер тағамның түсі өзгерген болса немесе жағымсыз иіс шықса, оны тұтығандан бас тарту қажет.

4. Жарамдылық мерзімін тексеру. Кез келген өнімді сатып алмас бұрын оның жарамдылық мерзіміне назар аудару керек. Әсіресе тез бұзылатын өнімдерге ерекше мән берген жөн.

5. Дайындалған уақытына мән беру. Дайын тағамның қашан әзірленгенін білу маңызды. Ұзақ уақыт тұрған тағам бактериялардың көбеюіне қолайлы ортаға айналады.

Қосшыда иттің адамға шабуы алаңдаушылық туғызды

Қосшы қаласында болған оқиғас жағдай жергілікті тұрғындардың алаңдаушылығына себеп болды. Қала көшелерінің бірінде иттің әйел адамға шабуыл жасауы тұрғындардың қауіпсіздігі мәселесін тағы да күн тәртібіне шығарды. Оқиғаға қатысты бейнежазба әлеуметтік желілерде кеңінен тарап, көпшіліктің қызу талқысына түсті. Видеодан зардап шеккен әйелдің ит иесін таба алмай, көмек сұрап тұрған сәті айқын көрінеді.

Алдын ала мәліметтерге сәйкес, бұл оқиға қаладағы тұрғын үй секторларының бірінде болған. Куәгерлердің айтуынша, ит ешқандай қарғыбаусыз және қараусыз жүрген. Мұндай жағдай, әсіресе, халық тығыз орналасқан аудандарда адам өмірі мен денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді. Зардап шеккен әйелге медициналық көмек көрсетілгенмен, оның жағдайы туралы толық ақпарат жарияланған жоқ.

Оқиға бойынша Ақмола облыстық полиция департаменті тергеу жүргізіп, иттің иесін анықтады. Құзырлы орган жануарларды күтіп-бағу және серуендету қағидаларын бұзғаны үшін оны әкімшілік жауапкершілікке тартқанын хабарлады.

Бұл жағдай елімізде үй жануарларын ұстау мәдениеті мен жауапкершілігінің

өзектілігін тағы бір мәрте көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, әрбір үй жануарының иесі оның қауіпсіздігіне ғана емес, айналасындағы адамдардың амандығына да жауапты. Иттерді қоғамдық орындарда міндетті түрде қарғыбаумен, ал кей жағдайда тұмылдырықпен алып жүру – қауіпсіздіктің басты талабы.

Мамандардың айтуынша, мұндай оқиғалардың жиілеуіне бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, кейбір азаматтың жануарларды асырау мәдениетінің төмендігі. Екіншіден, бақылаусыз қалған иттердің көбеюі. Үшіншіден, тұрғындардың өз қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауы. Осы орайда жергілікті атқарушы органдар мен құқық қорғау құрылымдары түсіндіру

жұмыстарының маңызы зор.

Сонымен қатар ветеринариялық қызметтердің рөлі де ерекше. Иттер уақтылы тіркеуден өтіп, тиісті екпелерін алуға тиіс. Бұл тек жануарлардың денсаулығы үшін ғана емес, адамдарға жұғуы мүмкін аурулардың алдын алу үшін де маңызды. Әсіресе, құтыру ауруының қаупі барын ескерсек, бұл мәселе тіпті өзекті.

Қоғам белсенділері де бұл жағдайға бейжай қарамай отыр. Әлеуметтік желілерде тұрғындар қауіпсіздікті күшейту, қараусыз жүрген иттерді бақылауға алу және жауапсыз иелеріне жазаны қатаңдату қажеттігін жиі көтеруде. Кейбірі арнайы айыппұл мөлшерін арттыруды, ал енді бірі қауіпті ит тұқымдарын тіркеу тәртібін күшейтуді ұсынады.



Мұндай оқиғалардың алдын алу үшін кешенді шаралар қажет. Біріншіден, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілуі керек. Екіншіден, жануарларды есепке алу жүйесі жетілдірілуі тиіс. Үшіншіден, жауапсыз иелерінен заң талаптарын қатаң сақтауды талап ету қажет. Тек осындай жүйелі қадамдар арқылы ғана қоғамдағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға болады.

Сарапшылардың пікірінше, өркениетті қоғамда жануарларға деген көзқарас – адамгершілік деңгейдің көрсеткіші. Дегенмен бұл үй хайуанатына толық еркіндік беру дегенді білдірмейді. Керісінше, олардың адамдарға зиян келтірмеуін қамтамасыз ету – иесінің тікелей міндеті.

Қысқасы, адам мен жануар арасындағы үйлесімділік тек жауапкершілік пен тәртіпке негізделуі қажет.

«ДАРА» ҰЖЫМЫ МЕРЕКЕНІ ЕРЕКШЕ ҚАРСЫ АЛДЫ

Қосшы қаласы мәслихатының төрағасы Әлихан Қуатбеков «ДАРА» бастауыш партия ұйымында өткен мерекелік іс-шараға қатысты. Ұлттық мерекеге орай ұйымдастырылған салтанатты жиын мазмұнға бай, жоғары деңгейде өтті.

Іс-шарада қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен салт-дәстүрлері кеңінен насихатталып, ұлттық құндылықтардың маңызы айқын көрініс тапты. Қатысушылар үшін арнайы ұйымдастырылған бағдарламалар мерекенің мазмұнын тереңдете түсіп, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Мерекелік кешке жиналған қауым өнерпаздардың әсем әні мен мың бұралған биін тамашалап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленді. Сонымен қатар ұлттық ойындар ұйымдастырылып, дәстүрлі көріністер қойылды. Бұл көріністер арқылы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен рухани болмысы кеңінен таныстырылды.

Іс-шара аясында ұлттық тағамдар ұсынылып, қазақы қонақжайлықтың айқын үлгісі көрсетілді. Қонақтар наурыз көжеден дәм татып, ұлттық

дастарқанның мән-маңызы туралы мағлұмат алды. Мұндай тағалымды сәттер мерекенің мазмұнын байытып, қатысушылардың рухани әсерін арттыра түсті.

Наурыз – халқымыз үшін тек жыл басы ғана емес, береке мен бірліктің, жаңару мен жасампаздықтың символы. Бұл мереке адамдарды жақсылыққа, татулыққа, өзара құрмет пен жанашырлыққа үндейді. Сондықтан да Наурызды кең көлемде атап өту – ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды көрінісі.

Осындай тағалымды шаралар жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіріп, салт-дәстүрімізді дәріптеуде, мәдени мұрамызды келер ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар қоғамдағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға да өз үлесін қосады.



ҚАЛАМЫЗДА

«Өмір жылуы» фотокөрмесі өтеді

Наурыз мерекесі күндері Қосшы қаласында Қазақстандағы Халықаралық волонтерлік жылды қолдауға арналған «Өмір жылуы» атты фотокөрме ашылады.



Қазақстандағы Халықаралық еріктілер жылын қолдау мақсатында Қосшы қаласында Клуб «28 Ілмек» «Өмір жылуы» фотокөрмесі



Бұл көрме еріктілер қозғалысының мән-маңызын айқындап, волонтерлердің бірлігі мен жанашырлығын дәріптеуге бағытталған. Жоба аясында көрермен волонтерлік қызметтің қоғамдағы рөлімен танысып, қайырымдылықтың нақты көріністеріне куә бола алады.

Халықаралық волонтерлік жылға орай, Қосшы қаласындағы «28 Ілмек» («28 петель») клубының еріктілері ерекше бастама көтерді. Олар шала туған сәбилерге арнап 28 тоқылған жинақ дайындап, әрқайсысына Қазақстандағы 28 қайырымдылық және волонтерлік ұйымның логотипін бейнеленген.

Бұл ұйымдардың қатарында UNICEF, Ұлттық волонтерлік желі, «Лидер», Best for Kids және басқа да қайырымдылық қорлары бар. Бұл бастама арқылы клуб мүшелері еріпестеріне қолдау білдіріп қана қоймай, волонтерлік әр адам үлесінің маңызды ортақ іс екенін айқын көрсетіп отыр.

Жобаның басты мақсаты – волонтерлікті кеңінен насихаттау, әлеуметтік маңызы бар бастамаларға қоғам назарын аудару және шала туған сәбилерге көрсетілетін көмектің маңызын түсіндіру. Сонымен қатар фотокөрме арқылы адамдарды қайырымдылыққа шақырып, еріктілер қатарына қосылуға ынталандыру көзделген.

Іс-шарада келушілер арнайы дайындалған фототуындылармен танысып, волонтерлер еңбегінің нәтижесін көре алады. Сондай-ақ клубтың қызметі мен шала туған сәбилерге көрсетілетін көмектің ерекшеліктері туралы кең көлемді ақпарат берілді.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 23 наурыз, сағат 13:00.

Өтетін орны: Қосшы қаласы, Республика көшесі, 11, Қоғамдық мәдени-спорт кешені.

Ұйымдастырушы: «28 Ілмек» клубы, Қосшы қаласы.

БАҚ үшін байланыс: +7 777 947 42 98.

Еске сала кетсек, бұл «28 Ілмек» клубы – 2012 жылы Қазақстанда құрылған халықаралық волонтерлік қозғалысы. Оның негізгі мақсаты – салмағы 500 грамнан бастап дүниеге келген шала туған сәбилерге көмек көрсету.

Клуб еріктілері 100% табиғи жүннен шұлық, бас киім, кеудеше және көрпешелер тоқиды. Бұл бұйымдар сәбилердің дене жылуын сақтауға көмектесіп қана қоймай, жұмсақ массаж әсерін беріп, жүйке ұштары белсендіреді және қан айналымын жақсартады. Осылайша, тоқылған бұйымдар медициналық тұрғыдан да маңызды рөл атқарады.

Клуб атауы «28 Ілмек» деп жаңа туған нәрестеге арналған шұлық тоқуды бастауға қажетті ілмектер санына байланысты қойылған.

Бүгінде қозғалыс 14 елде жұмыс істейді. Атап айтқанда, Қазақстанның 22 қаласында, Ресейдің 98 қаласында, Украинаның 18 қаласында, Беларусьтің 7 қаласында, Өзбекстанның 2 қаласында, сондай-ақ Латвия, Қырғызстан, Әзербайжан, Грузия, Молдова, Эстония, Германия, Тәжікстан және Армения елдерінде бар.

Жалпы клуб саны – 151, ал қатысушылар саны – 3 728 адам. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, қозғалыс құрылған сәттен бастап перинаталдық орталықтарға шала туған сәбилерге арналған 377 820-дан аса тоқылған бұйым табысталған.

2017 жылы «28 Ілмек» қоғамдық қоры Қазақстанның денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін «Алтын жүрек» ұлттық сыйлығының лауреаты атанды. Ал 2024 жылы қозғалыс «Жылдың үздік волонтерлік ұйымы» деп танылды.

Ел бойынша «Nauruz Sale» акциясы жалғасуда

Қазақстанда 13-23 наурыз аралығында республикалық «Nauruz Sale» акциясы өтіп жатыр. Бұл бастама отандық өндірісті қолдауға, ішкі сауданы дамытуға және тұрғындар мен ел қонақтары үшін мерекелік көңіл-күй қалыптастыруға бағытталған.

Акция аясында өндіріс кәсіпорындары азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың кең ассортиментін ұсынуда. Жеңілдік қарастырылған өнім түрлері 10-нан 70-ке дейін жетеді. Акциялық тауарлар сауда орындарында арнайы «Nauruz» фирмалық белгілерімен, тақырыптық баға жапсырмаларымен және навигациялық көрсеткіштермен ерекшеленеді. Бұл сатып алушыларға қажетті өнімдерді оңай табуға мүмкіндік береді.

Жобаға еліміздің ішкі сауда саласындағы шамамен 300 субъект қатысып отыр. Олардың қатарында 140 сауда үйі мен сауда-ойын-сауық орталығы, сондай-ақ 20 электрондық сауда платформасы бар. Акцияға «Magnum», «Small», «Galmart», «Анвар», «Дина», «Toimart», «Астықжан», «Аян», «Greenwich» секілді ірі сауда желілері, сондай-ақ «Mega Silk Way», «Keruen», «Keruen City», «Аружан», «Сарыарқа», «Shymkent Plaza» сияқты танымал сауда орталықтары белсене қатысуда.

Сауда орындарында қазақстандық өндірушілердің өнімдері ұсынылатын арнайы аймақтар ұйымдастырылған. Бұл жерлерде кейбір тауар нарықтағы бағамен салыстырғанда, орта есеппен 10-20 пайыз төмен бағамен сатылып жатыр.

Сонымен қатар келушілер үшін интерактивті бағдарламалар қарастырылған. Ірі сауда орталықтарында ұлттық нақыштағы фотозоналар ұйымдасты-

#NauruzSale

Акмолинская область

- TC «Small»
- TC «СОЮЗ»
- TC «Inmart»
- TC «Семейный»
- TC «Доброцен»
- TC «Лайм»
- ТРЦ «Kokshetau Mall»
- ТД «ЦУМ»
- ТД «Арбат»
- ТД «Жеке батыр»
- ТРЦ «РИО»

рылып, келушілерге ерекше мерекелік атмосфера сыйлауда.

Серіктестік аясында Қазақстанның 11 қаласында дүкендері бар «TARBIYA» бренді ұлттық стильдегі киімдерді ұсынып отыр. Келушілер ол киімдерді киіп көріп, естелік суретке түсе алады.

Аталған шаралар Ақтаудағы «SAYA Mall», Петропавлдағы «Dostyk Mall», Ақтөбедегі «Keruen City», Астанадағы «Keruen City Astana», Атыраудағы «Infinity Mall», Түркістандағы «Turan Mall», Алматыдағы «Dostyk Plaza» және Шымкенттегі «Shymkent City Mall» сауда орталықтарында өтіп жатыр.

Айта кетсек, бұған дейін Сауда және интеграция министрлігі «Sauda in Digital» республикалық байқауының басталғанын хабарлаған болатын. Байқау 13-20 наурыз аралығында өткізіліп, сауда нысандарында цифрлық шешімдерді енгізу мен инновациялық сервистерді дамытуға бағытталған. Қатысушылар өз жобаларын «Үздік цифрлық витрина», «Үздік цифрлық құттықтау», «Жасанды интеллектті үздік пайдалану» және «Ең креативті digital-жоба» номинациялары бойынша ұсынды.

Жеңімпаздар креативтілік, жасанды интеллект технологияларын қолдану деңгейі, ұлттық бірегейлік және жобаның тиімділігі бойынша анықталды. Байқау 20 наурызда аяқталып, сол күні жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті.

ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРДІҢ ТАРИХЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қосшы кітапханасында «Ұлттық киім арқылы тарихқа саяхат» атты танымдық пікір алмасу сағаты ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – ұлттық киімдердің тарихын насихаттау, олардың мәдени және тәрбиелік мәнін түсіндіру, сондай-ақ оқырмандардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.

Кездесуге қатысушылар қазақ халқының дәстүрлі киімдерінің ерекшеліктері, олардың жасалу технологиясы, қолданылу аясы мен тарихи маңызы туралы кеңінен әңгіме өрбтті. Әрбір киім үлгісінің артында халқымыздың бай мәдениеті, дүниетанымы мен салт-дәстүрі жатқанын атап өтті. Сонымен қатар қатысушылар өткен мен бүгіннің арасындағы сабақтастықты талқылап, ұлттық мұраны сақтау мен оны келер ұрпаққа жеткізудің маңыздылығын сөз етті.

Іс-шарада оқырмандар белсенділік танытып, өз ой-пікірлерін еркін жеткізді. Ашық форматта өткен пікір алмасу қатысушылардың таным көзжиегін кеңейтіп, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырды.

Наурызнама мерекесінің 10 күндігі аясында, 15 наурыз – Қайырымдылық күніне орай, кітапхана ұжымы «Қайырымдылық – адамдық белгісі» атты акция ұйымдастырды.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Іс-шарада кітапхана қызметкерлері жүрек жылуын бөлісіп, азық-түлікпен қатар жылы лебіздерін жазып, арнайы дайындалған «Жақсылық кітабын» толтырды. Қатысушылардың әрбір жазбасы мен қамқорлығы адамдарға мейірімділік пен

жанашырлықты сезіндіруге, кішкене болса да үміт сыйлауға бағытталды.

Акцияның соңында қатысушылар жақсылық жасаудың маңызын тағы бір мәрте түсініп, көпшілікті оған өз үлестерін қосуға шақырды.

Шаңырақ күніне орай кітапханада оқушыларға арналған танымдық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпаққа қазақ халқының салт-дәстүрін кеңінен таныстыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу және шаңырақтың маңызын терең түсіндіру болды.

ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Іс-шарада қатысушыларға киіз үйдің құрылымы, ондағы шаңырақтың алатын орны және символдық мәні туралы мазмұнды мәліметтер ұсынылды. Әсіресе, шаңырақтың халқымыз үшін бірлік пен берекенің, татулық пен тұтастықтың нышаны екені кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар ұлттық дәстүрлерге қатысты сұрақ-жауап және пікір алмасу ұйымдастырылып, оқушылар қызықты деректермен танысты.

Бұл ретте оқырман қауым белсенділік танытып, өз ойларын ортаға салып, еркін пікір алмасты.

Тайтөбе ауылдық кітапханасында Қазақстан халқы Ассамблеясына арналған «Бірлігіміз жарасқан» атты кітап көрмесі өткізілді. Ондағы негізгі мақсат еліміздегі ұлттар достығы мен татулығын дәріптеу, оқырманды бірлік пен келісім құндылықтарын насихаттайтын әдебиеттермен таныстыру болды.

«БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН»

ТАЙТӨБЕДЕ ӨТКЕН КІТАП КӨРМЕСІ ОСЫЛАЙ АТАЛДЫ

Көрмеге Қазақстандағы түрлі этностардың мәдениеті, тарихы мен бірлігіне арналған кітаптар қойылды.

Айта кетсек, Тайтөбе ауылдық кітапханасы оқырмандарын осылай әрдайым мәдени-танымдық іс-шаралар мен қызықты кітап көрмелеріне қатысуға шақырып отырады.

Ардагерге құрмет көрсетілді

14 наурыз – Көрісу күніне орай, Қосшы қаласының жастары қаламыздың ардақты ақсақалы, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері Нұрқасым Әжітаевтың үйіне арнайы барып, Көрісу күнімен құттықтады.



ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҒАСЫР КҮӘГЕРІМЕН ЖҮЗДЕСУ

ЖАСТАР 102 ЖАСТАҒЫ ҰОС АРДАГЕРІМЕН КӨРІСТІ!

Жастар ардагердің хал-жағдайын сұрап, жылы лебіздерін білдіріп, ақ батасын алды.

Мұндай тағылымды кездесулер жас ұрпаққа өнеге болып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге

зор үлес қосады. Сондықтан жастар осындай игі бастамалар арқылы халқымыздың дәстүрін жалғастырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету мәдениетін дәріптеуде маңызды рөл атқарады.

«Ақылды ене, ибалы келін» – Қосшыда

Қосшы қаласында Шаңырақ күні аясында «Ақылды ене, ибалы келін» қалалық байқауы ұйымдастырылды. Басты мақсат – отбасы құндылықтарын дәріптеп, ене мен келін арасындағы сыйластық пен татулықты насихаттау.

Байқауға қатысушылар өз өнерлері мен шеберліктерін көрсетіп, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеді. Әрбір көрініс, өнер көрсету сәті ұрпақтар

сабақтастығын, шаңырақтың берекесін айшықтап, қатысушылар мен көрерменге жылылық пен үйлесім сыйлады.

Тілдерді оқыту орталығындағы іс-шаралар

Қосшы қаласының Тілдерді оқыту орталығы Наурызнама онкүндігі аясында қала тұрғындары, орталық тыңдаушылары мен келушілері арасында бірқатар мазмұнды іс-шара өткізді. Бұл бастамалар тек білім берумен шектелмей, ұлттық рухты көтеруге, салт-дәстүрді жаңғыртуға бағытталды.

Онкүндікте ерекше қызығушылық тудыратын іс-шаралардың бірі Kahoot платформасы арқылы ұйымдастырылған танымдық ойын болды. «Салт-дәстүрді білесің бе?» тақырыбындағы сайысқа орталыққа келген қатысушылар белсенді қатысып, өз білімін сынап қана қоймай, ұлттық мұра туралы тың мәліметтер алды. Заманауи технология мен дәстүрлі мазмұнның үйлесуі қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Сонымен қатар орталықтың көрме залында «Дәстүр – өмірдің өнегесі» атты танымдық сабақ өтті. Онда қазақ халқының әдет-ғұрпы мен олардың тәрбиелік мәні кеңінен талқыланды. Қатысушылар өз ойларын ортаға салып, ұлттық құндылықтардың бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын түсінді.

Тілдерді оқыту орталығының ұйымдасты-

румен өткен «Cyber alaman» атты ұлттық ойын да ерекше қызығушылық тудырды. Дәстүрлі ойындардың жаңа форматта ұсынылуы қатысушылардың белсенділігін арттырып, ұжымдық рухты нығайтты.

Қайырымдылық күні де назардан тыс қалмады. «Шын жүректен» атты акция аясында орталық қызметкерлері көпбалалы және жалғызбасты аналарға азық-түлік жеткізіп, қолдау көрсетті. Мұндай игі бастамалар адамгершілік пен жанашырлықты дәріптеп, қоғамға үлгі болды.

Жалпы, Наурызнама онкүндігі шеңберінде ұйымдастырылған барлық іс-шара ұлттық құндылықтарды насихаттаумен қатар, қоғамда бірлік пен мейірімділікті арттыруға өз үлесін қосты. Тілдерді оқыту орталығының бұл бастамалары – рухани жаңғырудың нақты көрінісі.



АСТРОНОМИЯЛЫҚ КӨКТЕМ БАСТАЛДЫ

20 наурыз – Солтүстік жарты шар үшін ерекше күн. Бұл күні астрономиялық көктем басталып, табиғат жаңа тыныс алады. Күн дәл шығыстан шығып, дәл батысқа батып, күн мен түн ұзақтығы шамамен теңеседі. Бұл құбылыс – күн мен түн теңелуі деп аталады. Дәл осы сәтте Күн аспан экваторын қиып өтіп, оңтүстік жарты шардан солтүстік жарты шарға өтеді. Осындай ғарыштық үйлесім адамзат мәдениетінде де ерекше орын алған. Соның жарқын көрінісі – 22 наурызда тойланатын Наурыз мейрамы.

Астрономиялық тұрғыдан алғанда, күн мен түн теңелетін күн – табиғаттағы тепе-теңдіктің символы. Бірақ ғалымдардың айтуынша, бұл күні жарық уақыт аздап ұзақ болады. Бұған атмосферадағы рефракция құбылысы әсер етеді. Яғни, Күн сәулесі Жер атмосферасынан өткенде сынуға ұшырап, біз Күннің шығуын ертерек, ал батуын кешірек көреміз. Соның нәтижесінде күн ұзақтығы түннен шамамен 8-11 минутқа артық болады. Нақты теңдік бірнеше күннен кейін ғана орнайды. Осыдан кейін күн ұзарып, түн қысқара береді.

Бұл өзгерістер – тек астрономиялық құбылыс қана емес, адам өмірімен тығыз байланысты табиғи циклдің бір

бөлігі. Көктемнің келуі – тіршіліктің жаңаруы, жердің жандануы, малдың төлдеуі, егіннің басталуы. Сондықтан да көктемгі теңелу көптеген халықта жаңа жылдың бастауы ретінде қабылданған.

Қазақ халқы үшін бұл күндердің маңызы ерекше. 22 наурызда тойланатын Наурыз мейрамы – табиғатпен үйлесімнің, жаңарудың, татулықтың белгісі. Бұл күні адамдар бір-біріне ақ тілектер айтып, өкпе-ренішті ұмытып, жаңа өмірді қарсы алады. Үйлер тазаланып, дастархан жайылып, наурыз көже дайындалады. Бұл тағамның өзі жеті түрлі дәмнен тұрып, молшылық пен берекенің символы саналады.

Наурыз мейрамы мен күн мен түн теңелуінің арасында терең байланыс

бар. Екеуі де тепе-теңдік пен жаңаруды білдіреді. Табиғатта күн мен түн теңелсе, адамзат өмірінде де үйлесім орнауға тиіс деген ұғым қалыптасқан. Сондықтан бұл мереке тек астрономиялық құбылысты ғана емес, рухани жаңғыруды да бейнелейді.

Сонымен қатар күн мен түн теңелгеннен кейін Күннің шығу және бату нүктелері біртіндеп солтүстікке қарай ығыса бастайды. Бұл – жаздың жақындағанының белгісі. Күннің ұзарып, жылудың артуы адамдардың тұрмыс-тіршілігіне оң әсерін тигізеді. Мал шаруашылығы мен егіншілікке қолайлы кезең басталады. Яғни, табиғаттағы бұл өзгерістер ежелден бері адам өмірінің ырғағын анықтап келген.



Астрономиялық көктем 21 маусымға дейін жалғасады. Бұл күні жазғы күн тоқырауы болып, жылдағы ең ұзақ күн тіркеледі. Осылайша, табиғат өз заңдылығымен дамып, әр кезең өз ерекшелігімен есте қалады. Ал Наурыз – осы өзгерістердің бастау нүктесі, жаңа өмірдің символы.

Қысқасы, 20 наурыздағы күн мен түннің теңелуі мен 22 наурыздағы Наурыз мейрамы – бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Бірі – ғарыштық заңдылық, екіншісі – адамзат мәдениетінің жемісі. Бірақ екеуін біріктіретін ортақ идея – жаңару, тепе-теңдік және өмірдің жалғасуы.

Қытай астанасы Бейжіңнің қақ жүрегінде қазақтың қоңыр үні – домбыра сазы әуелеп, ұлттық тағамдардың хош иісі аңқыды. Бұл көрініс – шетелдегі қазақ мәдениетінің жарқын көрінісі, сонымен қатар ұлттық рухтың шекара талғамайтынын дәлелдейтін ерекше сәттердің бірі. Осындай тағылымы мол шаралардың бірі «Балдырған» балаларды дамыту орталығында ұйымдастырылған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы болды. Бұл туралы Kazinform агенттігінің Бейжіңдегі меншікті тілшісі хабарлады.

Бейжіңдегі даму орталығы Наурызды тойлады

Биыл «Балдырған» орталығы көктем мерекесін сегізінші рет қарсы алып отыр. Осы уақыт ішінде орталық тек білім беру мекемесі ғана емес, сонымен қатар шетелдегі қазақ қауымын біріктіретін, ұлттық дәстүр мен тілді дәріптейтін маңызды мәдени алаңға айналған. Әсіресе, өз елінен жырақта жүрген қандастар үшін мұндай орталықтың орны бөлек. Ол туған жердің жылуын сезіндіріп, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіретін алтын көпір іспетті.

Мерекелік шара үлкен дайындықпен және ұжымдық еңбектің нәтижесінде ұйымдастырылды. Орталықтың басшысы Назгүл Назарбекова бұл күннің ерекшелігі – балалардың белсенді қатысуында екенін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, тәрбиеленушілер мерекеге тек көрермен ретінде емес, тікелей ұйымдастырушы ретінде атсалысқан. Олар өз қолдарымен бөлмелерді безендіріп, көктемнің символы саналатын

нылды. Әсіресе, балалардың өздері дайындаған тоқаштар мерекенің сәнін кіргізіп, көпшіліктің ерекше ықыласына ие болды.

Бір қызығы, «Балдырған» орталығы уақыт өте келе өзінің бастапқы шеңберінен әлдеқайда кеңейіп, халықаралық сипатқа ие болды. Қазір онда 21 бала білім алып отыр. Олардың қатарында Қазақстаннан ғана емес, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстаннан келген балалар да бар. Сабақтардың толықтай қазақ тілінде жүргізілуіне қарамастан, бұл орталық түрлі ұлт өкілдерінің басын қосып, мәдени алмасудың ерекше үлгісін көрсетіп отыр. Осылайша, «Балдырған» көпұлтты ортада қазақ мәдениетін танытатын маңызды орталыққа айналды.

Бүгінде орталықтың маңызы арта түскен. Ол Қытайдағы мәдени дипломатияның бір бөлігі ретінде де қарастырылады. Өйткені онда



гүлдер отырғызып, тіпті дастарханға қойылатын тәтті тоқаштарды әзірлеуге көмектескен. Бұл балаларды еңбекке баулумен қатар, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға да зор ықпал етті.

Мерекелік бағдарлама шынайы отбасылық жылылыққа толы болды. Іс-шара ұлттық нақыштағы әсем киім киген балалардың орындауындағы «Наурыз» биімен ашылды. Сахнада өнер көрсеткен кішкентай бүлдіршіндер «Туған жер» әнін шырқап, қазақ тілінде өлеңдер оқып, дәстүрлі билерді нақышына келтіре орындады. Олардың әрбір қимылы мен шынайы ықыласы көрерменді тебіріткісіз, ата-аналар мен қонақтардың ыстық ықыласына бөленді.

Наурыз мерекесін дастархансыз елестету мүмкін емес. Бұл күні орталықта жайылған дастархан ерекше молшылық пен берекенің белгісіндей әсер қалдырды. Қонақтарға ұлттық тағамдар – наурыз көже, қазы, бауырсақ ұсы-

тек балалар тәрбиеленіп қана қоймай, қазақ халқының тілі, дәстүрі, өнері кеңінен насихатталады. Орталықтың негізін қалаушы Назгүл Назарбекованың айтуынша, алдағы уақытта инфрақұрылымды жаңғыртып, білім беру мүмкіндіктерін кеңейту жоспарланған. Сонымен қатар қазақ мәдениетін халықаралық деңгейде таныту бағытында жаңа жобалар жүзеге асырылмақ. Алайда мұндай ауқымды бастамаларды іске асыру үшін демеушілердің қолдауы аса қажет.

Айта кетсек, «Балдырған» балаларды дамыту орталығы Бейжің қаласында 2018 жылдың 23 сәуірінде ашылған. Орталықтың білім беру жүйесі әлемге танымал Монтессори әдістемесіне негізделген. Бұл әдіс балалардың еркін дамуына, жеке қабілеттерін ашуға және өзіндік ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Соның нәтижесінде тәрбиеленушілер тек білім алып қана қоймай, жан-жақты, шығармашыл тұлға болып қалыптасып келеді.

Гонконгтағы қазақтар да ұлттық мерекені атап өтті

Гонконг қаласындағы беделді жоғары оқу орындарының бірі – «PolyU» университетінде өз-Наурыз мерекесі салтанатты түрде атап өтілді. Іс-шара Қазақстан Республикасы Бас консулдығының ұйымдастыруымен өткізіліп, оған Қазақстан азаматтары, шетелдік студенттер, сондай-ақ түрлі елдерден келген қонақтар қатысты.



Бұл мерекенің тек қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ жаңару мен татулықтың символы ретінде ерекше маңызға ие екені тағы бір мәрте дәлелденді.

Мерекелік шараның ашылуында Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасының Гонконг арнайы әкімшілік ауданындағы Бас консулы Бауыржан Досманбетов сөз сөйледі. Ол өз баяндамасында Наурыз мейрамының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүріміздің айқын көрінісі екенін атап өтті. Сонымен қатар бұл мерекенің халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтатын ерекше рухани құндылық екеніне тоқталды.

– Наурыз – тек көктемнің келуі ғана емес, жаңа үміттің, жаңарудың, бірліктің бастауы. Осындай игі шаралар арқылы біз өз мәдениетімізді әлемге танытып қана қоймай, түрлі халықтардың арасындағы рухани байланысты күшейтеміз, – деді Бас консул.

Биылғы мереке аясында ұйымдастырылған іс-шаралар мазмұны, көркемдік деңгейі жағынан да ерекше әсер қалдырды. Қатысушылар қазақ халқының бай мәдениеті, салт-дәстүрлерімен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Университет қабырғасында өткен бұл шара мәдени диалог алаңына айналып, түрлі ұлт өкілдерін бір шаңырақ астына жинады.

Мерекелік бағдарлама концерттік қойылымдармен басталды. Қазақстандық студент-

тердің орындауындағы ұлттық әндер мен күйлер, дәстүрлі билер көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Домбыраның күмбірлеген үні мен қазақ биінің әсем қимылдары шетелдік қонақтарға ұмытылмас әсер сыйлады. Әсіресе, халық күйлерінің орындалуы қазақ өнерінің тереңдігін паш етті.

Сонымен қатар іс-шарада ұлттық ойындар ұйымдастырылып, түрлі жарыстар өткізілді.

Наурыз мерекесінің маңызды бөлігі – ұлттық тағамдар да назардан тыс қалған жоқ. Кеш соңында қонақтарға қазақтың дәстүрлі тағамдары ұсынылды.

Шараға қатысушылар Наурыз мерекесінің тарихымен де танысты. Оларға бұл мейрамның ежелден келе жатқан көктемгі жаңару мейрамы екені, күн мен түн теңелетін ерекше кезеңде атап өтілетіні туралы кеңінен мәлімет берілді.

Гонконгтағы бұл мерекелік іс-шара мәдени байланыстарды нығайтуға үлкен үлес қосты деуге болады. Әсіресе, шетелдік студенттер үшін бұл қазақ мәдениетін жақынан танытуға таптырмас мүмкіндік болды.

Мұндай халықаралық деңгейдегі мәдени шаралар Қазақстанның имиджін нығайтып, ұлттық құндылықтарды әлемге танытуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл бастамалар шетелдегі қазақстандық жастардың ұлттық рухын көтеріп, олардың өз мәдениетіне деген мақтаныш сезімін арттырады.



ҰЛЫ МЕЙРАМ – НАУРЫЗҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Қарық қып құтты Наурыз,
Қазанға толсын сары уыз.

Қайнасын Наурыз көже де,
Толтырып ішкей кесеңе.

Ұлыстың ұлы күнінде,
Көппенен бірге күлімде.

Көбейсін жаңа достарың,
Молайсын елге қосқаның.

Жарасып көңіл хоштығы,
Бекісін халық достығы.

Ішінде жүрсе аз ғана,
Шайылсын өкпе, наз-нала.

Алдыға сыймай сәбилер,
Құшағын жайсын жаңа үйлер.

Жастардың самсап отауы,
Мейірім төксін Отаны.

Әспеттеп ата дәстүрін,
Әсем боп өссін жас буын.

Кірбің тартпасын кәрілер,
Барының дәмді нәрін бер!

Дүрлеген Қазақстанға
Таңғалсын дос та, дұшпан да!

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

НАУРЫЗ КЕЛДІ, КҮЛЕКЕ, БАЙҚАДЫҢ БА

Наурыз келді, Күлеке, байқадың ба?
Қатығыңды түндегі шайқадың ба?
Құлшынасың толқындар алып қашып,
Құлаш ұрған баладай қайта ағынға.

Наурыз келді, нар келді жүгін алып,
Келген көктем көңілін ұғыналық.
Қосылады Алатау гүлдеріне,
Атамқұлдың қып-қызыл гүлі барып.

Арнасында бұлақтар буырқанып,
Көрген емес ешқашан тыным тауып.
Жер несібе сұрайды көк аспаннан
Кеудесіне көктемнің гүлін тағып.

Барлық айдан, байқашы, осы ай басқа,
Көңіл шіркін көнбейді масаймасқа.
Наурыз келді, нан пісір қызыл отқа,
Наурыз көже қамын да жасай баста.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

НАУРЫЗ

Кетіп қыстың ызғары,
Еріп сұсты мұздары,
Наурыз келді көктем боп,
Күлім қағып қыздары.

Желектеніп гүл басы,
Наурыз келді – жыл басы.
Жылтырады жақұттай
Жоталарда жылғасы.

Наурыз – пейіл, береке,
Наурыз – мейір, мереке.
Қуанышқа бөлейді,
Көңілдерді көл ете.

Наурыз тойын тойлаймыз,
Қызығына тоймаймыз.
Өлең айтып, би билеп,
Бал бұлағын бойлаймыз.

Құлпырады дала да,
Құлпырады қала да.
Құлпырады наурызда
Ана менен бала да.

Наурыз тойы – салтанат,
Наурыз тойы – ән қанат.
Думанданып дүние,
Шаттанады шартарап.

Наурыз – пейіл, береке,
Наурыз – мейір, мереке.
Қуанышқа бөлейді,
Көңілдерді көл ете.

Әбдрахман АСЫЛБЕК

КЕЛ, НАУРЫЗ!

Наурызым, сары уызым,
Жүдеп едім сен кетіп.
Қайта келдің, байтақ елдің
Қуанышын селдетіп.

Дәстүрімнің, жақсы ырымның
Нышанысың жол етер,
Берекелі көже толы
Қазаныңа не жетер...

Құт мерекем, күткен екем,
Сені көптен шын аңсап.
Маздақтарым, боздақтарым,
Бірге оралды ұран сап.

Сөніп барып, өліп-талып,
Жидым, міне, есімді.
Арғымағым, марғұланым,
Қыл бұраудан шешілді.

Еселенсін, өсе берсін
Туған елдің мерейі.
Іркілмесін, бүлкілдесін
Бұлбұлдардың көмейі.

Мәңгі жанған, таңды жарған,
Ғажап оттар жасасын!
Елім деген, бөлінбеген
Азаматтар жасасын!

Несіпбек АЙТҰЛЫ

НАУРЫЗ ТОЙЫ

Наурызгүлдер, алындар жаңа тыныс,
Наурызкөк құс оралды қанаты ырыс.
Нәзік еді не деген, жарықтық-ай,
Жан мейірімін оятқан жаратылыс.

Еридi екен көкпеңбек тастар тәні,
Еркебұлан көктем ән бастар тағы...
Бірнеше елдің жеріне жетер еді,
Қосып жайса, қазақтың дастарқаны!

Аңсаттырған асыл күй, лағыл шақтар,
Ата жолын ақылды қауым сақтар...
Балалардың қолында уыс-уыс
үлпiлдеген сап-сары бауырсақтар.

Дастарқанға қоямыз барымызды,
Көршілерге көршінің баруы – ізгі.
Жент сақтаған жеңешем ұсынады
Тостағанмен
Ырым қып сары уызды.

Шайылғандай мұң-кірбін, тозандар да,
Жабықпайсың жаныңда наз, ән барда.
Нағыз әжей ойлайды нағыз салтты,
Наурыз көже қайнайды қазандарда.

Шапағатын аямай бұл шақта аспан,
Жадырайды әр адам мұң шақпастан.
Оу, ағайын!
Келiндер!
Бүгiн бiзде –
Наурыз көже құрт қатып, бұршақ қосқан.

Келгендерге алғысын жауғызды әже,
Ырыс басы – ол үшін жалғыз меже.
Мол астық пен тоқшылық тілекшісі –
Жеті түрлі дән қосқан наурыз көже.

Ән салындар,
Би билеп, шаттанындар,
Ұлы күнін ұлыстың атқарындар.
Туындасын бұл күні бүкіл өнер,
Жығылмасын бәйгеге шапқан ұлдар.

Наурыз қайтып оралды аты да аңыз.
Сұрамаймыз алғыс та, ақы да біз.
Үй – дастарқан,
Даламыз – сахнамыз,
Ұлы мейрам – Наурызға шақырамыз!

Күләш АХМЕТОВА

НАУРЫЗ

Аққулы аспан көктерден,
Құстар ұшып жеткеннен.
Келдің тағы Наурызым,
Туған елге көктеммен.

Бесігім боп тербесен,
Құшақ жайып жер-көсем.
Келдің тағы Наурызым,
Аман-есен Елге сен!

Дәстүр-салтты ел екем,
Тассын дәулет, берекем.
Төрлет елдің Наурызы,
Той-думаным, мерекем!

Маңдайға біткен екі елі,
Дала – қазақ мекені.
Астанамнан Наурызым,
Алатауға жетеді.

Айналғандай анама,
Сіңген салтым санама.
Алматымнан Наурызым,
Сапар шегер далама.

Қарбаласта тыныш күн,
Бөлеп алды нұр үстін.
Далам, тауым қарсы алды,
Ұлы күнін ұлыстың!

Далам менің тындашы,
Таудай қазақ тұлғасы.
Құтты болсын, Наурызым,
Құтты болсын, Жыл басы!

Шөмішбай САРИЕВ

НАУРЫЗ ЖЫРЫ

Көтеріп моншақ аңғарда,
Көгілжім тартып тауларда,
Шалқытып сағым бауларда,
Наурызым келді бар маңға,
Наурызым келді бар жанға.

Ғажайып сәттер таянды,
Табиғат сергіп оянды.
Көзіме кесте тартылып,
Көкірек нұрға болды,
Дүрілдеп дүние оянды.

Аңсарым, асыл Наурызым,
Жағаға біткен жалбызым.
Көз жазып қалып сан жылдар,
Көзайым болған жалғызым –
Армысың, ардақ Наурызым.

Қыдыр Наурызға ерейік,
Нәурізек құсын көрейік.
Бәйшешек гүлін терейік.
Ұлыстың күнін аймалап,
Алтын күрек желін өбейік,

Наурыз көжеде бал ұйып,
Ақ уызға арда жарық.
Семсерді сертпен жаниық.
Наурыздың нұрлы нақышы,
Кәусар тазалық деп таныық.

Қазаққа біткен жерұйық,
Халқыма құтты бол ұйық.
Адалға сақтап қорық.
Наурыздың қыдыр батасын,
Жақсылыққа ғана жориық.

Көгілжім нұрлар қалқыған,
Бусанып дүние балқыған,
Тіршілік толғау толқыған,
Тасқында бүгін толассыз,
Наурыздың күйі шалқыған.

Ұлысым болғай бақтылы,
Ырыздық тұнғай ақтылы.
Патшамыз тұрғай тақтылы.
Шапағат Наурыз шалқытқан,
Алаштың асқай шаттығы!

Қорғанбек АМАНЖОЛ

НАУРЫЗ КӨЖЕ

Наурыз айы – жыл басы,
Тұнып тұрған береке.
Ай туғанда жылда осы,
Біздің елде мереке.

Жұрттың тасып жігері,
Бір-бірімен жүздесіп,
Ет, су, қатық, жүгері,
Бидай, тары, тұз қосып,

Көже ішеді бір жасап,
Қауқылдасып, мақтанып.
Ақыны ойдан жыр қашап,
Күйші, әншісі шаттанып,

Көже ішеді тойғанша,
Қауқылдасып, шаттанып.
Айтылатын ой қанша?

Жас-кәрісі мақтанып.

Бата берсе аталар,
Алға келген астарға,
Көже жайлы апалар,
Айтып жатар жастарға:

Ет:
Алған тұздап, кептіріп,
Ет «сүрі» деп аталар.
Етті сүрі жеп тұрып,
Бала үлкеннен бата алар.

Су:
Өзіне тән түсі жоқ,
Қолға ұстауға келмейді.
Онсыз өмір күші жоқ,
Еш зат онсыз өнбейді.

Тұз:
Мұзға түсі ұқсайды,
Удай ащы дәмі бар.
Тұзсыз тамақ піспейді,
Астың тұзбен жаны бар.

Бидай:
Үш-ақ айда піседі,
Қамбаларға толады.
Тез алмаса түседі,
Тартса ұны нан болады.

Жүгері:
Өсер дақыл биіктеп,
Құрақпенен жарысып.
Көкбасын да сүйіп бек,
Жейді адамдар таласып.

Күріш:
Дақыл өзі суда өсер,
Биік емес бойы аса.
Піскеңде де буда өсер,
Май палауға ал, той, аса.

Қатық:
Сүзіндісін айранның
Атаймыз біз қатық деп.
«Қатық сенің пайдан мың»
Деп, жалаймыз жатып кеп.

Мұның бәрі өз алдына
Жеке-жеке бал тағам.
Бәрін бірге салды ма,
Табылмас ас ол саған!

Бұл жетеуі қосылып,
«Наурыз көже» аталар.
Наурызда көсіліп,
Бір жырғайды аталар.

Біздің үйге келiндер,
Көліктерден түсiндер.
Ақтан бата берiндер,
Наурыз көже iшiндер!

Құл-Керім ЕЛЕМЕС

НАУРЫЗ КЕЛДІ

Қылаусыз кешегі қар жүзін,
Айғыздап соңымда қалды ізім.
Тым ыстық көктемім жаным,
Тыныштық әкелсін Наурызым.

Наурызым әкелсін тыныштық,
Дарысын далама ырыс-құт.
Көңілді жайнатсын гүлдердей,
Сенімді жаратсын құрыш қып.

Жаратсын құрыш қып сенімді,
Жақсылық жайласын көңілді.
Жұлдыздар жарқырап көгімде,
Ұл-қыздар қуантсын елімді.

Тілегі осындай Наурыздың,
Жігерлі жігітке бер тізгін.
Сүйінер ізгілік лебіне,
Сүйкімді сыйымыз бар біздің.

Қылаусыз кешегі қар жүзін,
Айғыздап артымда қалды ізім.
Жайнай бер, гүлденіп көктемім,
Жасай бер түрленіп, Наурызым!

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ



НАУРЫЗ КӨЖЕ

Көктем айының жанға жайлы шуағы жер бетін жылыта нұрын төгіп тұр.

Шуаққа ақ қар балбырай балқып, жерге сіңіп жатыр...

Қызыл шатырлы үйдің алдында күнесте отырған қарт әже Сәрсенкүлге сәлем беруге қайырылдым. Аман-саулық сұрасып жатқанда хат тасушы бір топ газет, журналды беріп, келесі үйге қарай атының басын бұрды. Әңгіме арасында «Оңтүстік Қазақстан» газетіндегі «Наурыз мейрамы алдында» деген тақырыпқа көзім түсіп, дауыстап оқи бастағаным сол еді, – Не дейсің, шырақ-ау? Қандай жақсылық? – деген ананың танданған кейіпін байқап, түсінік бере бастадым...

– Иә, ол мешін жылының көктемі болатын, - деп бастады сөзін ауыр күрсініп алып:

– Бала кезімден ес біліп, етек жапқанға дейін жаңа жылды Наурыз айында тойлап жүрдік. Жыл басы Наурыз айы болатын. Ана сүтімен сіңген

әдетті тастамай, сол жылы да Наурыз мейрамын асыға күтіп, сәнді киімдер тігіп, кестелер тоқып, киіз үйдің басқұрларын жаңадан өріп, Наурыз мейрамына дайындалып жаттық.

Наурыз мерекесін тойлауға ауылдың ортасына, белгіленген алаңға киіздер төселіп, үй-үйден қазан-ошақтар әкелініп құрылды. Дәстүр бойынша жеті түрлі дәннен көже пісіріліп, оны ауыл адамдары түгел бөліп ішуі міндет. Содан соң ауыл үйлері жаңа жылға сақтаған қазы-қарта, жал-жаясын, жентін, сары майын, ұннан істелген дәмнің неше түрлерін үйіп-төгіп тастайды.

Асыға күткен жайма шуақты мамыражай күн “Жаңа жылды қарсы алыңдар” дегендей тау басынан шашырай шығып келеді. Қуаныш мейрамын қоштағандай, төбемізден көк аспан мөлдірейді. Жас келіндер жағы үш аяқты темір аспа ошаққа қазан асып, “Наурыз көже” қамында жүрміз. Әр үйдің адамдары барын әкеліп, ортадағы дастарханға төгіп, бір-біріне ізгі тілектерін

айтып, жаңа жылмен құттықтап жатыр. Ауылдың енді жиналғаны сол еді, белестен үш салт атты шығып, бізге қарай жүрді. Жүрістері суыт, салақтатып асынған мылтықтары бар. Отырған қариялар орындарынан тұрып, үрпиісіп қалды. Келгенде аттан да түспеді, көпке сәлем де бермеді. Торы атты бөрікті кісі үзеңгіге аяғын шірей көтеріліп: “Бұл не жиын? Тез тарандар! Ескілікті түп- тамырымен жою біздің міндетіміз. Қане кетіңдер! - деп кідiңден тұр. Аң-таң болған ауыл адамдары тарай қоймады. Есімізді жинай алмай тұрғанда, көк аттысы секіріп түсіп, қазанның шетінен ұстап, наурыз көжені отқа бор еткізіп аударып тастады да, көже ішіндегі түрлі дәндерді көріп жолдастарына бұрылып: “Іздегеніміз табылды. Бұларда астық кеп екен. Тінту жүргіземіз” деп атына қайта мінді. Қуанышымыз су пенкендей басылды. Жұрт тарай бастады.

Дегерез тегісінде отырған он бес үйдің бар астығын тізімдеп, ертеңіне тып- типыл қылып

алып кетті.

Аз ғана ауылдың көбі аштықтың құрбаны болды. Ел танитын, жер танитын азаматтар елден ауып, күн көруге кетті. Мешін жылы қазақ жерінде “ұралап” апаты жүріп жатты.

Наурыз мейрамын ел ұмытып та кетіп еді, - дей отырып, көзінің жасын сығып алды.

Өлгенді тіріткен, өшкенді қайта жаңдырған қазіргі нағыз Лениндік саясатқа аналар атынан шексіз алғысымды айтамын. Сол кездегі елді сарсаңға салып жүргендер Кәлешекиннің қолшоқпарлары Нәтебай мен Жұмабай деген азғындардың ісі екендігін кейін түсіндік қой, - деп аяқтады сезін сексеннің сенгіріне шыққан аяулы әже.

Ардақты әженің Наурыз мейрамына деген сағыныш жасы шындықтан шыққан қуаныштың мөлдiрi еді.

Абдулмахмуд ПОШАТАЕВ

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Айдана наурыз мерекесі күні әжесіне еріп, Алматыдағы Республика алаңына барды.

– Әже, мына жерде адам не деген көп?! Неге келеді бұл жерге? – деп сұрады.

– Бүгін ұлыстың ұлы күні емес пе? – деді әжесі.

– Ол не деген сөз?

– Біздің жаңа жылымыз басталған күнді айтады, ұлыстың ұлы күні деп. Қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр сияқты түрік тілдес халықтардың жаңа жылы бүгін басталды.

Айдана әжесінің айтқандарын толық түсіне алмай, сәл бөгеліп барып:

– Өтіп кеткен жаңа жыл кімдікі? – деді әжесінің бетіне аңтарыла қарап. Әжей де оған қалай түсіндірерін білмей, ыңғайсызданып қалды да, шынын айтты:

– Ол – орыстардың жаңа жылы.

– Қазақ балалар да тарсылдақ атты ғой ол кезде?

– Бұрын солай үйреніп қалған емес пе?..

– Неге?

– Еліміз тәуелсіздік алмай тұрғанда, қазақтар да орыстардың жаңа жылын тойлайтын. Әзір де үйреншікті әдеттерін тастай алмай жүр.

– Енді қайтеді?

– Енді өзіміздің жаңа жылымызды тойлап жатырмыз, міне. Бұрынғы ата-бабаларымыз осындай көктем басталып, жаңа жылдары келгенде, әр үй наурыз көже жасап, үй-үйге қыдырып, наурыз көже ішіп, сүрленген ет жеп, мұжылған кәрі жілікті көкпар қып тартып, тамашалайтын. Қыстан мал-бастары аман шыққа-

нына қуаныш қылатын.

– Балалары да қыдыра ма екен?

– Иә, балаларды ашамай ерттеген тайға мінгізіп, ертіп алатын болған.

– Жазда ауылға барғанда мен де мінгемін ғой, әже, сондай ашамай ерттеген тайға.

– Иә, мінгенсің, балам. Үйде тайға мініп түскен суретің де бар емес пе?

– Сол суретімді өте жақсы көремін, әже.

Әжесі Айдананы алаңға тігілген киіз үйлердің біріне бастап кіріп, мерекеге арналып жасалған көжеден екі тостаған сатып алып, немересімен бірге отырып ішті.

– Әже, бұрынғы ата-бабаларымыз да наурыз көжені ақша беріп ішті ме? – деп сұрады Айдана. Баланың сөзі құлағына шалынған соң, көже сатушы сары келіншек сасып қалды.

– Немереңіздің сұрауы түпкірлі екен! – деді ол әжейге.

– Біз базарлап жүрміз, балам. Наурыз көжені базарда ғана сатады. Үйде жасалған көжені ата-бабаларымыз да, әзірге қазақтар да сатпайды, – деп түсіндірді әжесі немересіне.

– Әже, наурыз көжені қайтіп жасайды? – деді Айдана өзіне түсініксіз дүниелерді біле түскісі келіп.

– Жеті түрлі тағамның басын қосып жасайды.

– Ол қайсы?

– Су, тұз, дән (арпа, бидай, тары, күріш сияқты), ет-май, сүзбе-құрт, нарын, уыз, көкөніс – жетеу болды ма, балам?

Айдана саусақтарын санап отырды (әжесі оған онға дейін сан, ал-

ты-жеті әріп үйретіп қойған).

– Асып кетті, – деп немересі тырқ-тырқ күлді.

– Асқан жоқ. Етте май болады. Нарын дөнге тән. Құрт сүзбеден жасалады. Оларды қосып сана. Әжесі де, Айдана да қайталады. Бұл жолы дұрыс шықты.

Бұрын да бірнеше рет көрсе де, алаңдағы «Алтын адамға» қарап тұрып, Айдана әжесінен: – Анау кім? – деп сұрады оң қолымен нұсқап.

– Қазақтың батыры болған кісі.

– Не істеп батыр болған?

– Елін, жерін, өзінің бала-шағаларын жаулардан қорғаған.

– Әзір бар ма бұл кісі?

– Жоқ, жаулармен соғысып жүріп қаза болған.

Айдананың ойына не келді екен? Күрсінді. Үйге қайтып келе жатқанда, бір жер үйдің қақпасы астынан басын шығарып, көшеден өткен елге жаутаңдап қарап жатқан шынжырлаулы қарасұр иттің көзіне Айдананың көзі түсті.

– Әже, ана ит бізге неге қарайды? – деп сұрады.

– Өзің ойлап көрші, мен айтпай тұрып? – деді әжесі.

Айдана бір сәт бөгеліп барып:

– «Мен де осы кісілер сияқты далаға шығып жүрсем-ау! Мойнымнан темір байлап, қамап қоймаса ше!» деп жатқан шығар ол ит? – деп еді. Әжесі қуанып кетіп, немересін құшақтай алып, бетінен мейірлене сүйді...

Тұрсынәлі РЫСКЕЛДИЕВ

НАУРЫЗ

Балабақшадағы тәрбиеші апайлары Наурыз мерекесі туралы қызықты әңгіме айтты.

– Наурыз – қазақша жыл басы. Қыс бойы ақ көрпеге оранған орман-тоғай, жер-ана бусанып, сай-саладан жылға-жылғаларды қуалап су ағады. Мейірін төгеді, алтын күн. Жыл құстары жетеді қиқулап. Түлейді табиғат. Тіршілік атаулы жасарып, жаңарады. Қунайды. Алда жаз. Қандай тамаша?! Білесіндер ме, балалар? Еліміз тәуелсіздік алғалы Наурыз мейрамы жыл сайын тойлана бастады. Сендер бақандай бір жасқа есейесіңдер. Дала жылынып, күн шуағына елжірегендей әсерге бөленді, балалар.

– Апай, апай! Ақеркенің туған күні – 22 наурыз! – деді аяқасты олжа тапқандай қуанған Шыңғыс.

– Сонда Ақерке де, біз де тура бір жасқа үлкейеміз бе? – деді Гүлайым.

– Иә...

Наурыз мерекесі жақындап келеді. Ауа салқын. Далада қар жатыр. Түстен кейін ғана аз-аздан ериді. «Бұл қалай?».

Ойлап-ойлап жауап таппады Ақерке. Төргі бөлмеде кітап оқып отырған әжесіне келді.

– Біреу ренжітті ме? – деді әжесі.

– Жоқ...

– Ендеше неге көңілісіңіз?

– Жәй... – Ақерке бұртиды. – Сұрағым бар.

– Сұрай ғой.

– Туған күнім таяды...

– Құлыным, ол есімізде. Беске толасың...

– Әкесі кішкентай қызын еркелетіп кекілінен сипады.

– Бірақ... бірақ бойым өскен жоқ! – Ақерке мұнайды. – Сол қалпы. Былтырғы киімдерім де шақ. Және, және апайымыз

22 наурызда қар кетеді деген.

– Ақылыңнан айналдым! Бойым өспеді деп уайым жеме. Есесіне ойың өсті. Миың толысты.

– Өтірік айтасың.

– Сені қашан алдап едім?

– Ойым өссе, қане, көрсетші?

– Ойдың өскендігі көзге көрінетін зат емес. Сенің осы сөздерді тауып айтқандығың – ақылыңның толысуы, ер жеткендік. Туған күніңмен тұспа-тұс келетін жыл басы – Наурызда көктем бірден шыға қалып, күн жылынып кетпейді. Кейін мектепке барғаныңда география сабағында оқисың. Картадан көресің. Қазақстанның жер көлемі үлкен. Кең байтақ. Мәселен, республикамыздың оңтүстігі саналатын – Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған өңірлерінде қазір күн май тоңғысыз жылы. Төрт түлік мал өрісте. Бау-бақша мен егістік алқаптарында қайнаған еңбек. Еліміздің бас қаласы – Астана Арқада орналасқан. Демек солтүстіктің ауа райына бейімдеу. Бұл жақта көктем сәл кешігіп шығады. Қалай болғанда да бүгінгі күндері қалың қардың көбесі сөгілді. Мұндай мезгілді атамыз қазақ «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» деп атаған. Әлі-ақ жыл құстарының қиқулап ұшып жеткенін көресің.

Хакім Абай ағамыз Наурыз айы жөнінде: ...Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар, Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар. Жыршы құстар әуеде өлең айтып, Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар, – деп өлең-жыр жазған.

– Охо, қандай жақсы! Осы шумағын жаттап алып Наурыз мерекесінде айтсам, бола ма?

Толымбек ӘБДПРАЙЫМ

Наурызбек қалай «Наурыз көже» атанды?

Оны «Наурыз көже» деп атап кеткеніне бүгін үш күн, жо-жок, тура төрт күн болды. Құдды «Менің атым Қожадағы» Жантастардың Қожаны «Қара көже» дейтіні сияқты. Әуелгіде достарының бұлайша мазақ қылғанына шамданғанымен, кейін құлағы үйреніп кетті ме, әлде өздерін әлі күнге дейін жас баладай ұстайтын сыныптастарының қылықтарына мән бергісі келмеді ме, әйтеуір ренжуді қойған... Әйтпесе, шашты құлақ шекеге қарай қайырып қойып, галстукты түзеп қойып, қызға қырындайтын жасқа жетті ғой. Бақандай 8-сыныпта оқиды. Наурызбек жақында ғана Астанаға қалаға жақын елді мекеннен көшіп келген.

Бір күні сынып жетекшілері Айтқұл апай сабақ үстінде балалардан:

– Наурыз көжені қалай дайындайтынын кім біледі? – деп сұрады. Үнсіздік. Ешкім ләм-мим дей қоймаған соң, алдыңғы партادا отырған Наурызбек қолын көтерді.

– Қане, Наурызбек, сен айта қойшы, – деді Айтқұл апай. Ол жан-жағына қарап алды да:

– Апай, ол үшін, ең алдымен, қазан толы сүтті қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайды, – деді ол сәл ойланған кейіп танытып. – Сүт әбден пісуге тақаған кезде қыс бойы сақтаған сүр етті салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қояды...

Тұс-тұстан балалар шулап кетті.

– Ау, жеті түрлі дәм қосылмаушы ма еді?! – деді Серік шыдамсыздық танытып.

– Апай, Наурыз мерекесі келген соң, «апай сұрап

қалар» деп жаттап алғаны ғой, – деді Ертай орнынан атып тұрып.

– Жаңа ғана интернеттен қарап, біліп алды, апай! – деп өтірікті соғып жіберді Айбек.

– Наурызбек – Наурыз көже! – деді қашанда әркімге бір соқтғысыып жүретін Аян.

Айтқұл апай «тынышталыңдар!» дегендей қолын көтерді. Содан соң Наурызбекке қарап басын изеді. «Жалғастыра бер» дегені еді.

– 15 минут өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді қоректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып, тағы бір қайнатады. Егер Наурыз көже қоймалжың болып кетсе, оған су қосуға болмайды. Тек айран қосып сұйылтады, – деді. Апайы риза болды.

– Сенің наурыз айыңда тудың ғой, иә? – деп сұрады. Наурызбек басын изеп жымыды. Содан соң өзге сыныптастарына масаттана қарап қойып:

– Дәл 21 наурызда туыппын. Әжем қойыпты есімімді, – деді.

– Наурыз көженің қалай дайындалатынын қайдан үйрендің? – деп сұрады жанында отыратын Әсем бұған көзін сығырайта қарап.

– Әжем жыл сайын Наурыз келгенде көже пісіруші еді. Сол кісіден үйренгенім ғой, – деді Наурызбек қызарақтап.

– Ал Наурыз мейрамы қашаннан бастап тойланады? – деді апайы Наурызбекке сынай қарап.

– Кеңес өкіметінің алғашқы кезендерінде, яғни 1920-1925 жылдары Шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол «дinin мейрам»,

«ескілік сарқыншағы» деп танылып, тоқтатылды. Бірақ Қазақстанның бар аумағында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген ауданында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады, – деді ол нақ үлкен адамша сөйлеп.

Сыныптастары Наурызбекке аңтарыла қарап қалыпты. Осы сәтте:

– Наурыз көже! – деп тағы да айғайлады Аян. Бірақ оның бұл сөзін ешкім елеі қоймады. Тек Айтқұл апайы оған қабағын түйіп қарап еді, анау жым болды.

– Бәрекелді, Наурызбек! Атыңа затың сай бала екенсің. Енді орныңа отыра ғой, – деді сынып жетекші. – Балалар, естідіңдер ғой, Наурызбек өзіміздің ұлттық мейрамымыздың тарихын да жақсы біледі екен. Наурыз көжені қалай пісіру керек екенінен де хабардар. Сендер де біле жүріңдер!

Міне, бар болғаны осы. Тек Аянның әлгі сөзінен кейін сыныптастарының кейбіреуі мұны «Наурыз көже» атап кетті. Бұған намыстанған Наурызбек мектептен шыққан соң Аянды өзіне шақырып алып, оны тұмсықтан бір пергісі келіп оқталып еді, Әсем аршалалп қалды:

– Наурызбек, қайтесің олармен ерегесіп. Айтса, айта берсің. Оған сенің түтің де кетпейді. Қайта сенің ұлттық мейрам туралы білгенің бізді, қыздарды біраз қызықтырды, – деді. Наурызбектің құлағына дейін қызарып кетті.

Кенет, Аян, Серік, Ертай үшеуі мектептен бұрыла бере жамырай:

– Наурызбек – Наурыз көже! – деп айғайлады. Бірақ



НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА

ОНЫҢ ЖЕКЕ ІС ҚАҒАЗДАРЫ ҚАЙДА?

Қазақ руханиятының тарам-тарам салалары біртіндеп зерттеліп жатыр. XX ғасырдың бірінші жартысындағы саяси-әлеуметтік оқиғалар мен тарихи тұлғалардың арнайы зерделенуінің үлкен үрдіске ұласуы – қуантатын жағдай. Десе де осынау дүрбелең тұстағы қазақтың көрнекті тұлғаларының бірі Нәзипа Құлжанованың қайраткерлік, шығармашылық, мәдени-ағартушылық мұрасы ғылыми тұрғыдан бағалауды қажет ететіндей. Ағартушылық еңбегі мен ұлттық мәдениеттің озық үлгілерін насихаттаушы, қазақ сахарасында мәдени-этнографиялық кештер өткізу дәстүрін қалыптастырушы ретіндегі ұлан-ғайыр қызметі де атаусыз қалмауы керек-ақ.

XX ғасырдың 20-30 жылдары тарих сахнасына шыққан қайраткерлердің көбінің өмірі репрессиямен аяқталғаны анық. Олар қуғын-сүргіннен бас көтере алмай, ақырында өмірлерімен қош айтысты...

Осы тұрғыда әйдік академик Манаш Қозыбаев: «Егер тарих ғылымының алдында тұрған міндеттерді бетбұрыс кезеңінің талаптары тұрғысынан саралайтын болсақ, тарихшылардың туған халқы алдындағы қарызы белшесінен екені айқын көрінеді. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тарих ғылымы алдымен сталиндік жосықсыздықтардың, содан кейін валлонтаризм мен субьективизмнің, тоқырау идеологиясы мен психологиясының шырғауында болып келді...», – деп жазған болатын.

Ағартушы, ұстаз, әлеумет қайраткері, журналист, жазушы, аудармашы Нәзипа Сегізбайқызы Қазақстанның XX ғасыр басындағы аса күрделі қоғамдық-саяси істеріне араласты. Оның ел тарихындағы қайшылықтар мен өзгерістерге толы дәуірде өз жолын тапқаны анық. Ендеше қайраткер тұлғаның өмірін зерттеу, атқарған еңбегі мен қалдырған рухани мұрасына лайықты баға беру тарих ғылымының еншісінде.

Құлжанованың өмірі және қоғамдық-ағартушылық қызметі туралы кандидаттық диссертация қорғаған тарихшы Гүлжан Кәрібжанова Нәзипа Сегізбайқызы туралы бірқатар маңызды жайтты алға тартады. Айта кету керек, бүгінде ол басқа салада қызмет етеді, Алматыда тұрады.

– 2003 жылы жазған монографиямызда оның (Нәзипаның – автор) өткен ғасырдың 20-30-жылдарында мерзімді баспасөзде жарық көрген, бірақ көпшілік назарынан тыс қалып келген мақалалары, очерктері, аудармалары алғаш рет жан-жақты талданып, сараланған еді. 2012 жылы кітап болып басылып шықты. Сөйтіп, Н.С. Құлжанованың ұлттың өрлеуін анықтар біртуар тұлға ретіндегі тарихтағы орнын белгілеу мүмкіндігі туды, – дейді Гүлжан Арапқызы. – Зерттеу жұмысының методологиялық негізін анықтауда тарихшыларымыздың соны теориялық ой-байламдарын назарда ұстадық. Бәз зерттеп отырған кезеңге тікелей қатынасты М. Қозыбаевтың, К. Нұрпейісовтің, М. Қойгелдиевтің, Ж. Абылхожиннің, Қ. Атабаевтың, т.б.

келтірілген, – дейді ол. – «По вашей просьбе сообщаю коротко биографические данные моих родителей. Назипа Сегизбаевна Кульджанова родилась в 1887 году в г. Тургае в бедной семье. Училась в Тургае в приходской школе, а затем окончила Кустанайскую женскую прогимназию. Умерла она в марте 1934 года в Алма-Ате. Нурғали Кульджанович родился в 1870 году в Тургайском уезде Кустанайской губернии. Остальные сведения Вы имеете. С уважением Кульджанова Гульжихан Нурғалиевна. 30.01.1987 г.».

Гүлжихан Нұрғалиқызының Имашевқа жазған бұл хаты оның жеке архивінде сақтаулы. Нәзипа әуелде Торғай қаласындағы приходская мектебінде оқып, 1902 жылы Қостанайдағы прогимназияны бітірген. 1903-1904 жылдары Торғайдағы әйелдер училищесінде мұғалім болған. Ерлі-зайыпты Құлжановтар Семей қаласына 1905 жылы келіп, ұстаздық қызметтерін бастаған секілді.

– Иә, жаңа өзіңіз айтқандай, олардың Семейге келуін зерттеушілер екі түрлі жағдаймен түсіндіреді. Бірінші пікірде 1905 жылы ішкі Ресейден көтерілген төңкеріс толқыны қазақ ауылына жетіп, яғни Құлжановтар патша сақшыларының «назарына ілікті» десе, екінші уәжде Н. Құлжанованың ата-анасының ескі әдетпен қызы үшін қалың мал алып қойғандығы айтылады, – деді Гүлжан Кәрібжанова. – Санкт-Петербург қаласының мұрағаттар қорынан алынған деректе төмендегідей жайт көрсетілген: «Конечно, Сегизбаевой не хотелось идти в замужество на положении проданного существа, за совсем чужого ей человека, возратить калым не имелося средств, почему она и обратилась к военному губернатору, области с просьбой оказать ей в этом положении помощь, каковую она и получила».

Екі пікірдің де өмір сүруге құқы бар екені дау туғызбайды.

Оның айтуына қарағанда, ерлі-зайыпты Құлжановтар Семейге келген кезде бұл қала Қазақстандағы ірі мәдени-ағарту орталығы болған. Оның үстіне Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезовтерге, Шоқан Уәлиханов пен орыс жазушысы Федор Достоевскийге мекен болғаны белгілі.

– XIX ғасырдың екінші жартысында Семей қаласында түрлі мәдени, ағарту, ғылыми мекемелердің ашылуы кездей-

1925 жылы «Таң» журналының шығуы мәдени өмірдегі айтулы оқиғалар саналады, – дейді Г. Кәрібжанова.

Оның айтуынша, Құлжановтар Семей оқытушылар семинариясына мұғалімдік қызметке келген. Бұл іргелі оқу орны болған. Онда қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов пен ұлы ғалымдар – Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан білім алған. Семей оқытушылар семинариясы 1903 жылдың 1 шілдесінде ашылған. Құлжановтар онда ұзақ әрі жемісті жұмыс істейді.

Дәл осы Семей қаласында Нәзипа Сегізбайқызы күнделікті мұғалімдік қызметпен қатар, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаған, музыкалық фольклорына көңіл бөліп, қала өміріндегі маңызды мәдени-ағартушылық шаралардың жүзеге асуына ұйытқы болған.

– 1920 жылы Нәзипа Сегізбайқызы Семейден Ақмолаға барады. Нұрғалидың қазасына байланысты бұл жерден ауысуына тура келіп, 1920-21 жылдары Ақмола уездік партия комитетінде жауапты қызмет атқарады. 1922 жылы



Нәзипаның өмірбаянын жазу барысында үлкен қиыншылық туғызған нәрсе – оның өз қолымен жазылған автобиографиялық, анкеталық деректердің, тұтастай алғанда, жеке іс-қағазының (личное дело – Г. К.) бізге жетпеуі болған. Тіпті 1917 жылға дейінгі мұрағаттар арасынан кездеспесе де, жиырмасыншы жылдардан бергі жерде әлеумет, баспасөз ісіне бел шеше араласқан оның, «Әйел теңдігі» («Қазақстан әйелдері»), «Қызыл Қазақстан» («Ақиқат») журналдарында жауапты қызметтер атқарған жанның құжаттарының бізге жетпегені өкінішті жағдай.

Қазақ АССР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы және «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакторы Сәкен Сейфуллиннің арнайы шақыртып, алдыруымен осы басылымның редакция алқасы мүшелерінің бірі әрі белгілі авторы болады. Алайда 1929 жылдан бастап денсаулығының нашарлауына байланысты журналистік қызметімен де, басқа да қоғамдық, мәдени-ағартушылық жұмыстармен де жүйелі айналыса алмады. Архив құжаттарымен танысу барысында ауруы меңдеген, тұрмысы нашарлаған жанның тағдырына куә боласыз. Қаптап жатқан анықтамалардан басқа жоғарғы орындарға жазған екі хаты оның қиыншылықты бастан кешіп отырған өмірінен толық хабар береді... – дейді монография авторы.

Құлжанова 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» (қазіргі «Ақиқат») журналында, 1925-1929 жылдары «Әйел теңдігі» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналында жауапты хатшы болып жұмыс істеді.

Сондай-ақ ол ұлы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай ақынның тұңғыш әдеби кешін ұйымдастырған болатын. Сұхбаттасушы кейіпкерімізден осы туралы да сұраған едік.

– Қазақ халқының әдеби, фольклорлық, музыкалық мұрасын жинақтап, хатқа түсіруде еңбек сіңірген Г.Н. Потанин, А.В. Затаевичтердің ізгі дәстүрін әрі қарай алға сүйретушілердің бірі – Альвин Эрнестович Бимбоэс (1878-1942). Ол қазақтың халықтық музыкасын зерттеуші, жинаушы ретінде Нәзипа Құлжа-



нованың өмірі мен шығармашылығына, этнографиялық ізденістеріне ертеден құлағы қанық болып, жүздесуге ниет жасаған. Ақырында Нәзипаны іздеп тауып, одан Абайдың «Татьянаның хаты» туындысын жазып алып, 1926 жылы жарық көрген кітабына енгізген. Ал қазақ өлкесінің мәдениет ошағындай болған Семей қаласында алғашқы ойын-сауық, мәдени-ағарту кештерін ұйымдастыру Нәзипа Сегізбайқызы есімімен тығыз байланысты. Оның Семей қаласының насихаттаған ғана емес, бүкіл Қазақстанның мәдени өмірінде ірі оқиға болған кештерді өткізудің төтенше жаңалыққа балап, үлгі етіп, дер шағында кезінен насихаттаған ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштары – «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы болатын. Осы басылымдардағы Нәзипа ханымның тыңдырған ізгі шаруаларын лайықты бағалап, ізін суытпай ел-жұртқа мән-мағынасын егжей-тегжей түсіндірген мақалалар оның дүйім елге танымал тұлғаға айналуына, болашақ сан қырлы қоғамдық, ағартушылық, жазушылық, аудармашылық істерге жүрексінебей, жасқанбай қадам басуына алғышарт боларлық негіз қалады. Ол үшін музыкалық, этнографиялық бағыттағы кеш өткізу тосын оқиға емес еді. Географиялық қоғамның бағдарламасында мәдени жиындар өткізу, ғылыми кеңестер, басқосулар ұйымдастыру, лекциялық насихатты өрістетуге белгіленген, жоспарланған шаралар қатарында саналатын. Қоғамның белсенді мүшесі ретінде Нәзипа Сегізбайқызы бұл жауапкершілікті терең сезінді. Сондай-ақ XX ғасырдың басында қазақ, татар және орыс жастарының қатысуымен соны ағартушылық мақсатты көздеген түрлі ойын-сауық кештерінің өткізіле бастауы жүйеге түсе бастаған құбылыс деуге болады, – дейді тарихшы.

Әуелде Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк студенттері мен медресе шәкірттерінің мәдени-әдеби жиындарынан бастау ашып, қазақ топырағында «Шығыс кеші» атауын иеленген ойын-сауық кештері Ақмола (1911-1912), Қостанай, Ақмешіт (Қызылорда), Атбасар (1915), Ташкент, Орынбор (1922), т.б. қалаларда өткізіліп, оған кезінде Қ.Бақбергенов, Қ.Жандарбеков, І.Жансүгіров, Т.Жомартбаев, Н.Құлжанова, М.Малдыбаев, С.Мұқанов, Қ.Сәтбаев, т.б. сынды белгілі ғылым, әдебиет пен өнер қайраткерлері қатысқан болатын.

– Ал енді сіздің сұрағыңызға келетін болсам, алғашқы кеш Семей қаласында 1914 жылдың 26 қаңтарында өтті. Толық атасақ, Императорлық орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің этнографиялық, әдеби-музыкалық, вокалдық кеші. Көптеген ұлт өкілдерін жинаған, қазақ және орыс тілдерінде өткен, уақытындағы белгілі өнер шеберлері қатыстырылған кешті дайындап,

өткізу тек Нәзипа Құлжанова үшін ғана емес, тұтастай алғанда географиялық қоғамның Семей бөлімшесі үшін де үлкен сын болатын. Сол ірі сыннан Нәзипа бастаған зиялылар сүрінбей өтті. Алдын ала кештің бағдарламасы жасалып, кешке кім қатысып, қандай өнер көрсететіндігі анықталып, тынымсыз дайындық жүргізілген. Бұл жын қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының қайтыс болғанына 10 жыл толуына арналып ұйымдастырылған. Кештің қалай өткендігі жөнінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде шағын хабарлар жарияланған, – деді Гүлжан Арапқызы.

Оның айтуынша, Нәзипаның өмірбаянын жазу барысында үлкен қиыншылық туғызған нәрсе – оның өз қолымен жазылған автобиографиялық, анкеталық деректердің, тұтастай алғанда, жеке іс-қағазының (личное дело – Г. К.) бізге жетпеуі болған. Тіпті 1917 жылға дейінгі мұрағаттар арасынан кездеспесе де, жиырмасыншы жылдардан бергі жерде әлеумет, баспасөз ісіне бел шеше араласқан оның, «Әйел теңдігі» («Қазақстан әйелдері»), «Қызыл Қазақстан» («Ақиқат») журналдарында жауапты қызметтер атқарған жанның құжаттарының бізге жетпегені өкінішті жағдай.

– Біз ізденіс жасаған Қазақстан Республикасы Президенті архиві мен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві мұрағаттар қорынан жоғымызды таба алмадық, – дейді монография авторы.

Гүлжан Кәрібжанованың айтуына қарағанда, Нәзипаның есімін бірінші рет қазақ мәдениетінің тарихында елеулі орны бар «Қазақ» газетінен кездестіреміз.

«26-январьда Семейде «Народный домда» жағрафия жамиятының әдебиет кеші болды. Бұл кеште халық аса көп болып, үйге сыймағандықтан бірсыпыра адам кіре алмады. Барған қазақтың көбі мұсылман еді, көбірегі қазақ» деп жазылған басылымда.

Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі атынан өткізілген кештің ұйымдастырушысы Нәзипа Құлжанова болған.

– Осы газеттегі «Потанин докладан» деп аталатын тағы бір мақала – Мұхтар Саматовтыкі. Төңкеріске дейін Омбы қаласында оқыған, кезінде газет-журналдарға үнемі хат-хабарлар жазып тұрған ол атақты этнограф, фольклорист Григорий Николаевич Потанинмен таныс болған. Сол Потанин 1914 жылдың 10 ақпанында Омбы жағрафия жамиятының жиналысында баяндама жасап, өткен жаз Қарқаралы уезі Тоқырауын деген жерде әдебиет кешін өткізген Нәзипа ханым Құлжанованың білімі мен парасатына таңғалғанын баяндаған, – дейді ол.

Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ



еңбектерін диссертация жазу барысында басылымға алдық. Жұмыстың дереккөзі ретінде түрлі архив құжаттары, ертедегі мерзімді басылымдар сұрыпталып, пайдаланылды.

1887 жылы Қостанай облысы Жанкелдин ауданында дүниеге келген Нәзипа Сегізбаева зайыбы Нұрғалимен бірге Семейге қоныс аударады. Құлжановтардың туған өңірлерінен кетуіне қатысты екі түрлі пікір айтылады. Біз кейіпкерімізден осы жөнінде сұрадық.

– Нәзипаның туған жері мен дүниеге келген мерзімін айтақтай түсетін дерек жазушы М. Имашевтің мақаласында

соқ жағдай емес еді. Сол игі істердің XX ғасырдың басында жалғасын табуы қала өміріндегі қайталанбас тарихи оқиғалар қатарында. Атап айтқанда, 1902 жылы орыс географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі ашылды. Оның «Жазбалары» жүйелі түрде жарық көрсе, 1903 жылы ірі оқу орны – Семей оқытушылар семинариясы ашылды, 1912 жылы қалада «Жәрдем серіктігі» баспаханасы ұйымдастырылып, 8 кітап жарыққа шықты. Семейде 1917-1918 жылдары «Сарыарқа» газетінің, «Абай» журналының, 1919 жылы «Знамя борьбы и труда», «Қазақ тілі» газеттерінің,

ДОМБЫРА ҮНІМЕН ТАРАЗЫЛАНҒАН ШЕБЕРЛІК

Қосшы қаласының 5 жылдығына орай, қоғамдық мәдени-спорт кешенінде тұңғыш рет «Телқоңыр» I Республикалық домбыра жасаушы жас шеберлер байқауы ұйымдастырылды.

Жиналған жұрт бұл күні жай ғана байқауға емес, өнердің өзіне куә болғандай әсерде отырды. Сахна төрінде қатар тізілген домбыралардың әрқайсысы бір күйді ішіне бүгіп тұрғандай.

Көп ұзамай, күмбірілеген үн зал ішін жаңғыртып кеп жіберді. Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің домбырашылары жаңа аспаптарды қолына алып, кезек-кезек әуелете күй төкті. Бірінің үні жұмсақ, бірінің қоңыр, енді бірі шымыр. Сол сәтте зал іші тына қалып, жұрт әр дыбысты қалт жібермей тыңдады.

Бұл байқаудың басты ерекшелігі – сахнаға шыққан әр домбыраның авторы соңғы сәтке дейін құпия сақталды. Қазылар да, көрермен де тек дыбысқа, сапаға, шеберлікке ғана сүйенді.

Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен 18-35 жас аралығындағы шеберлерден 70-ке жуық өтінім түскен. Іріктеу нәтижесінде 38 домбыра екінші кезеңге өтсе, финалға 15 үздік аспап жолдама алды.

Бұл жолғы байқаудың тағы бір ерекшелігі – ұсынылған домбыралардың барлығы жергілікті ағаштан жасалған. Яғни бұл дода тек шеберлікті ғана емес, дәстүр мен табиғилықты да саралады.

Іс-шараға арнайы келген Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі байқаудың маңызын атап өтіп, жас шеберлерге сәттілік тіледі. Ал қала әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлы бұл жобаның алдағы уақытта дәстүрлі түрде өтетінін айтты.

Қазылар алқасының құрамында күй өнерінің білгірлері мен тәжірибелі шеберлер болды. Олардың қатарында Жанғали Жүзбай, Сұлтан Мұсаев, Айтбек Нығызбаев, Жұмабек Қадырқұлов, Марат Бозымбаев, Нұржан Ділманов сынды білікті мамандар бар.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай бұл байқаудың мәніне ерекше тоқталды.

«Бұл – жастар арасындағы тұңғыш байқау. Соған қарамастан деңгейі жаман емес. Жастар жақсы дайындықпен келген. Әр домбыраның өз үні бар. Бірақ шеберлік – уақыттың ісі. Ол жылдармен келеді. Дегенмен көңіліміз толды, мықты жастар бар екен», – деді ол.

Кеш соңында жеңімпаздар анықталды. Бас жүлде алматылық Мөкүш Айтуарға бұйырып, ол 1 миллион теңге иеленді. 1-орынды астаналық Бабыр Арғынов (700 мың теңге), 2-орынды қызылордалық Ұлықбек Альпаш (500 мың теңге) алды. 3-орын екі шебер – алматылық Асанхан Тотай мен Мамыт Мейрамбекке (әрқайсысына 350 мың теңгеден) бұйырды.

Сонымен қатар арнайы жүлделермен Әбілхан Әділетхан, Асылан Жаманбалинов және Ақымжан Саят (150 мың теңгеден) марапатталды. Ал финалға өте алмағанмен, байқауға қатысқан 22 шебердің еңбегі еленіп, әрқайсысына 100 мың теңгеден сыйақы берілді.

Айта кетсек, бұл байқауды Қосшы қаласының әкімдігі мен «Саз аспаптар шеберлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі бірлесіп ұйымдастырған. Аталған одақ 2025 жылдың қазан айында ақын Еркебұлан

домбыра жасаушы жас шеберлер байқауына барып, үлкен әсер алды. Қосшы қаласының әкімдігіне осындай рухани іс-шараларға ұйытқы болып жүретіні үшін ризашылық білдіремін. Қосшы – руханиятты қолдауда көшбасшы қалалардың бірі. Бұл қаланың ішкі саясат, мәдениет саласында қызмет етіп жүрген азаматтарының іскерлігін көрсетсе керек. Байқауды ары қарай да өткізуді жалғастырамыз, бұдан да биік деңгейде ұйымдастырамыз деген екен. Бәрекетті деді. Іс-шараның басы-қасында жүрген «Саз аспаптар шеберлері одағының» басшысы Еркебұлан Қайназаровқа ризашылық білдіремін. Бірлестік алғаш құрылғанда Қосшыда өткен жиынына қатысқанбыз.

Бір қуантқаны – жастардың домбыра жасауға деген ұмтылысы. Байқауға қатысуға 70-тен аса жас шебер өтінім білдірген екен, соның 38-і қабылданыпты. Бұл – Қазақстанның барлық өңірін-



жергілікті ағаштан шыққан бұл аспаптар қазақы қоңыр үнімен тыңдаушыны бірден баурап алады. Жас домбыра жасаушы шеберлер – көнеден, сонау Қорқыт бабамыздан келе жатқан қасиетті өнерді қайта жалғастырушылар.

Мемлекет басшысының да бұл салаға ерекше мән беріп отырғаны белгілі. Домбыра күнін жариялады. Енді, міне, домбыра жасаушыларға да құрмет көрсетіле бастады.

Конкурстың атауы да «Телқоңыр» деп сәтті қойылған екен. Ұйымдастырушыларға тағы да алғыс білдіреміз. Бұл байқауды тарихи оқиға деп бағалауға болады. Ғұмыры ұзақ болсын деп тілейміз.

Сұлтан МҰСАЕВ, ҚР Мәдениет қайраткері, қазылар алқасының төрағасы:

Бұл байқау жастар арасында тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Соның өзінде деңгейі жаман емес. Ерекшелігінің бірі – ұсынылған домбыралардың барлығының жергілікті ағаштан жасалғаны. Бұл ұлттық аспап жасаудағы табиғилық пен дәстүрге деген құрметтің көрінісі деп ойлаймын.

Жастардың жақсы дайындықпен келгені көрініп тұр. Алда әлі өсу, іздену керек тұстар да бар. Жалпы, көңіліміз толды. Мықты, талапты жастар бар екені қуантады. Осындай байқаулар соларға бағыт-бағдар, шеберлігін шыңдауға үлкен мүмкіндік береді.

Осы істі ұйымдастыруға ұйытқы болған Қосшы қаласының әкімдігі мен «Саз аспаптар шеберлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігіне алғысымды білдіремін. Мұндай бастамалар жалғасын табуы керек.

Жанғали ЖҮЗБАЙ, дәулескер күйші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Аспап жасайтын жас шеберлердің конкурсы республика тарихында тұңғыш рет өтіп отыр екен. Сондықтан мұны маңызды оқиға деп бағалаймын. Ұйымдастырушыларға, Қосшы қаласының басшыларына, арнайы келіп, осы байқауға куә болған зиялы қауымға ризашылығымды білдіремін.

Байқауда байқағанымыз – елімізде шебер жастар, ізденіс бар. Әсіресе домбыраның дыбыс бояуы, үні, қазақы нақыштағы безендірілуі жіті қаралды. Әр аспаптың өз ерекшелігі сезіледі. Бұл шеберлердің тек қол еңбегі емес, ішкі талғамы мен түсінігінің де деңгейін көрсетеді.

Әрине, үздіктер анықталды. Бірақ мұндай байқаулардың басты құндылығы – жүлдеден бұрын тәжірибе мен шеберліктің шыңдалуы. Осы тұрғыдан алғанда, бұл бастама қазақтың дәстүрлі қол өнерін, соның ішінде саз аспаптарын жасау өнерін дамытуға айтарлықтай серпін береді деп ойлаймын.

Келесі жылы да жалғасын табады деген жоспар бар екен. Бұл – өте

дұрыс қадам. Осындай игі істер үзілмей, дәстүрге айналса, ұлттық өнердің де тамыры тереңдей түседі. Тілектеспін.

Айнагул КӨНБҰЙҚЫЗЫ, қалалық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы:

Алда бұл байқау дәстүрлі түрде өтеді деп ойлаймын. Айта кетерлігі, іріктеуден өткен, жүлде алған домбыраның барлығы қаладағы осы қоғамдық мәдени-спорт кешенінің креативті көрме залында тұрады. Алдағы уақытта, яғни шілде айында Домбыра күніне орайластырып Домбыра мұражайын ашу жоспарда бар. Келушілер ұлттық аспапты ұтсап, шертіп көрсе, оны жасаған шебер жөнінде еркін ақпарат алса дейміз. Мұны Домбыра күні қарсаңында, қаламыздың 5 жылдығына арнап өткіземіз.

Еркебұлан ҚАЙНАЗАР, «Саз аспаптар шеберлерінің одағы» ҚБ төрағасы:

«Саз аспаптар шеберлерінің одағын» құрғаннан бастап осындай байқау өткізу туралы идея келген. Тек жастардың арасында домбыра жасауға қызығушылықтың бар-жоғы, шеберлік өнердің қалай дамып жатқанын қызықтырды. Осыны бағамдау кезінде талдап, анализ жасадық. Қатысушылар еліміздің түкпір-түкпірінен келді. Ішінде бұла күнінен домбыра жасауды білетіні, жаңадан үйреніп жүргені де бар. Сондықтан еңбек өтіліне ешқандай шектеу қоймадық. Жастар бір-бірімен шығармашылық байланыс орнатып, тәжірибе алмасса дедік. Шарт бойынша, аспап жергілікті жерде өсетін ағаштан жасалуы керек. Екіншіден, қосымша техникалық құрал-жабдық қолдануға болмайды. Үшіншісі, бетқорған жасағанда сүйекті үгітіп, сүйектеу әдісін қолдануы керек. Қазір нешешуірлі химиялық заттар бар. Ал ата-бабамыз сүйекті үгітіп отырып, домбыраның бетқорғанын сүйектеген. Осы дәстүрдің сақталғанын қаладық.



Қайназаровтың бастамасымен құрылған болатын.

Сол күні сахнада тек жеңімпаздар ғана анықталған жоқ. Әр домбырадан мінез, әуеннен ізденіс байқалғандай. Жас шеберлердің қолынан шыққан аспаптар арқылы ұлттық өнер тамырының үзілмегені сезілді.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, Сенат депутаты, ҰҒА академигі:

– Қосшы қаласында өткен «Телқоңыр» I Республикалық

дегі жастар арасында домбыра жасауға деген ынта бар деген сөз. Қазіргі жас шеберлер кезіндегі Эмануиль Романенко, Қамар Қасымов, Жоллаушы Тұрдығұловтардың жолын жалғастырады деп үміттенеміз. Байқаудың бір ерекшелігі, домбыра жасауда үйеңкі, қайың, жаңғақ және басқа да жергілікті ағаштар қолданылған екен.

«Үйеңкінің түбінен үйіріп алған қобызым» дегендей, жергілікті шеберлердің қолынан,

Біз де осы мәселеге арнайы тоқталып, депутаттық сауал жолдаған болатынбыз. Онда домбырашылардың, саз аспаптар шеберлерінің мәселелерін көтеріп, оларға қамқорлық жасау, арнайы категория беру, шеберлерді жоғары санатты мамандармен теңестіру, зертханалар, шеберханалар ашу туралы айттық. Қарағанды облысының Осакаровка елді мекенінде кезінде домбыра жасайтын зауыт болған екен. Соны заманауи тұрғыда қайта жаңғырту, ЖОО-ларда домбыра жасау курстарын ашу секілді бірқатар ұсыныс берген болатынбыз. Сол себепті ұйымдастырылатын осындай іс-шараларға қуана қатысып келеміз. Одақтың құрылғанына, арнайы байқаулардың өткізіле бастағанына көңіліміз марқаяды. Сонымен қатар таяуда ғана Бакуде орналасқан Түркі мәдениеті және мұрасы қорының басшысы Ақтөре Райымқұлованың ұйымдастырумен үлкен конференция өтті. Онда да өзекті мәселелер көтерілді. Домбыра музейлері ашылып жатыр. Астанада бар. Енді Қосшыда жасақтала бастады. Абайдың, Жамбылдың және басқа да тарихи домбыралар музейлердің төрінен орын алып, киелі аспабымыздың насихаты кеңейе береді ғой деп ой-



QR-код арқылы қараңыз

Бетті дайындаған
Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ
+7 702 545 43 92
@ganik010101
ganibet.1984@gmail.com

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ
Бас редактордың орынбасары
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аянжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 999 77 77
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

• Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
• Республиканың барлық аймағына таратылады.
• Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
• Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
• Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
• Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

• Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № К207РҰ00085845 күнәлігі берілген.
• Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, К240РҰ00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz